Ауа райы: Қызылорда +36 Жаңақорған, Шиелі +36 Тереңөзек, Жалағаш +36 Қармақшы, Байқоңыр +35 Қазалы, Арал +36

# Сыр бойы

19 ШІЛДЕ СЕНБІ 2014 жыл №103-104 (18797-18798) ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ www.syrboyi.kz

БРИФИНГ

**2017 жылдың 1 шілдесінен бастап 2 миллионнан астам зейнеткердің базалық зейнеттік төлеміне біржолғы қайта есептеу жүргізіледі. Бұл туралы жуырда Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова мәлім етті.**

## ТҰЖЫРЫМДАМА ТАЛАПТАРЫМЕН

Бұл мақсаттарға 137 миллиард теңге жарты жылға, ал бір жылға 275 миллиард теңге бөлу көзделіп отыр. Яғни, 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап, азаматтың 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілін және 1998 жылдан кейінгі зейнетақылық жүйеге қатысуы ескеріледі. Енді еңбек өтілі немесе зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жылға дейінгілер күнкөрістің ең төменгі мөлшерінің 50 пайыз көлемінде, жалпы 20 жыл еңбек өтілі барлар күнкөрістің ең төменгі жаңа мөлшерінің 70 пайыз көлемінде алатын болады.

Ал 35 жылдан астам еңбек өтілі бар зейнеткерлер күнкөрістің ең төменгі жаңа мөлшерінен 100 пайыз деңгейінде алады. Министрдің сөзінше, күнкөрістің ең төменгі мөлшерін есептеудің әдістемесі 2017 жылдың 1 қаңтарынан өзгереді.

Қазақстанның зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы Елбасының тапсырмасы бойынша әзірленді.

## ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 29 сессиясы 2014 жылғы 30 шілдеде сағат 16-00-де Облыстық мекемелер үйінің мәжіліс залында ашылады және сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. Қызылорда облысы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есебі.
2. Қосымша мәселелер.

Тұрақты комиссиялардың отырыстары 2014 жылғы 30 шілдеде сағат 10.00-де және бірлескен отырысы сағат 11.00-де өткізіледі.

**Облыстық мәслихат.**

# ЖАҢАЛЫҒЫ КӨП ДӘРІХАНА




Соңғы жылдары ерекше екпінмен жаңарып, жайқалып келе жатқан шырайлы Шиелі тағы бір сәулетті ғимаратпен толықты. Жеке кәсіпкер Нұрлыбек Мырзабековтің өз қаржысымен бой көтерген жаңа форматтағы фарма-маркет дәріханасының екі қабатты ғимараты тұрғындардың көзайымына айналды. Оның көзтартар сәулетімен қатар, халыққа қызмет көрсету аясының кеңдігі, фармацевтика саласындағы жаңа технологиялардың игергендігі елді сүйсіндірді. Айта кетерлігі, Сыр өңірінде тұңғыш қолға алынған бұл жоба Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Астана эннафэйшен» компаниясының меншік иесімен тығыз байланысы арқылы жүзеге асырылды.

Осыдан жиырма жыл бұрын негізі қаланған «Мөлдір және компания» толық серіктестігі аудан тұрғындарын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып үлгерген ұжым. Бұл серіктестік Шиелі кентінде 3 дәріхана, ал жалпы аудан көлемінде 5 осындай салалық мекемеге иелік етіп келеді. Жоғарыда айтылған жобаның ерекшелігі ғимараттың бірінші қабатына фарма-маркет орналастырылса, республика бойынша қолға алынған жоба ретінде өзіндік жаңалығы мол. Бұрын аталмыш жоба бойынша Астана, Өскемен қалаларында халыққа қызмет көрсетілсе, енді міне, ол Қызылорданың Шиелісінде жүзеге асырылады. Онда итальяндық жаңа үлгідегі робот техникасы іске қосылып отыр. Бұл қызметтің сапалығымен қатар ұқыптылығының артықшылық екендігі анық. Тағы бір жанға жайлы ерекшелік – жаңа ғимарат күн сәулесінен қуат алатын қондырғымен қамтамасыз етілгендігі. Елбасының баламалы қуат көздерін пайдалануды жүзеге асыру туралы тапсырмасына сай нақты істің көрінісі осы болса керек.

Жаңалыққа толы ғимараттың ашылу салтанатында Шиелі ауданының әкімі Қайратбек Сәрсенбаев, ұзақ жылдар бойы облыстың денсаулық саласын басқарған, медицина саласының ардагері Тұрғанбай Маханов, «Облыстық медициналық және фармацефтикалық қызметті бақылау департаменті» басшысының орынбасары Ғалия Бәйменова және де аталмыш жобаның жетекшісі Астана қаласындағы «Астр-лаб-солюшен» компаниясының президенті Әсел Нұрымбетова құттықтау сөз сөйледі.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі ауданы.

# ЖАС МАМАН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

**Жуырда А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы, Жастарды қолдау орталығы мен "Самұрық" инновациялық идеяларды дамыту орталығы" қоғамдық қорының ұйымдастыруымен "Жас маман-2014" бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі болып өтті. Оған жоғары оқу орнын бітірген түлектер мен жұмыссыз жүрген азаматтар қатысты.**

Шараны облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы басшысының орынбасары Г.Нұрбаева ашып, жәрмеңкенің маңыздылығына тоқталып өтті. Сондай-ақ, жәрмеңке барысында жастарға құқықтық кеңес беру үшін арнайы психолог, заңгер мамандар түсіндірме жұмыстарын жасады. Белгілі оқу орындары білім алуға шақырса, шағын және орта кәсіпорын мекемелері қажетті мамандықтар бойынша жастарды жұмысқа алуға тіркеді. Негізінен шарада 450-ден аса бос жұмыс орны ұсынылып, жастардың бітірген мамандықтарына қарай жұмысқа орналасуға септігін тигізді.

Екі қолға бір күрек таба алмай жүрген жастарға бұл нәтижелі бастама болды. Бірі мамандығы бойынша жұмысқа орналасса, енді бірі Елбасының бағдарламасы аясында "Жасыл ел" және "Құрылыс жасағына" қабылданды. Енді олар қаламыздың көркейіп-көгалдануына, сәулетті ғимараттары бой түзеуіне өз үлестерін қосатын болады. Сонымен қатар, жас отбасыларға "Қолжетімді тұрғын үй-2020" бағдарламасы бойынша баспаналы болудың жолдарын арнайы дайындалған кітапшалар арқылы түсіндіріп өтті. Ал, өз кәсібімді тиімді дөңгелетемін деген жас кәсіпкерлер "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қорының мамандарымен кеңесті.

Жазғы каникул кезінде жастар уақыттарын тиімді пайдаланып, "Жасыл ел" және "Құрылыс жасағында" еңбек етуде. Осындай жастардың біркатары сөз алып, құрдастарын бірігіп еңбек етуге шақырды.

Жәрмеңкеге келушілердің бірі Гүлзат Әлменова "Жас өркен" колледжінің биылғы түлегі екен. Ол "Тасымалдауды ұйымдастыру, көлікте қызметті басқару" мамандығын игерген. "Оқуымды жақсы аяқтадым. Енді мамандығым бойынша жұмыс жасағым келеді. Міне, жұмыс берушілердің тізіміне қарап, өзімнің мамандығыма сәйкес келетінін қарап жатырмын. Түйіндеме қағазын дайындап келдім. Жұмысқа орналасуға ұсыныс білдірсе, ойланбастан келісемін", дейді Гүлзат.

Шараға жиналғандар тиісті мамандарға сауалдарын жолдап, оған тұшымды жауап алды.

**Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.**

# «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ АККРЕДИТАЦИЯДАН ӨТТІ



**Осыдан 19 жыл бұрын Мәскеу халықаралық бизнес және ақпараттық технологиялар университетінің базасында ашылған «Болашақ» университеті елімізге белгілі білім, ғылым және мәдениеттің орталығына айналды. Университетте білім беру 42 бакалавриат, 6 магистратура мамандықтары бойынша 3 факультетте, 10 кафедрада, техникалық және кәсіптік білім беру, медицина мамандықтары бойынша 2 колледжде жүргізіледі. Бүгінде оқу орны еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, қоғам мен мемлекет үшін өзектілігі басым әрі қажеттілігі мол жоғары дәрежелі кадрлар даярлауға мән беріп отыр.**

Соңғы жылдары университет стратегиялық жоспарға сәйкес бірнеше жетістіктерге жетті. Заман талабына сай салынған жаңа оқу ғимараты университеттің материалдық-техникалық базасын кеңейтті. Жаратылыстану және техникалық мамандықтар бойынша ғылыми-зерттеу лабораториялары іске қосылды. Халықаралық ынтымақтастықты дамыту бойынша шет елдік жоғары оқу орындары, ғылыми институттармен баспа орталықтарымен келісім-шарттар жасалып, бірлескен жұмыстардың ұйытқысы бола білді.

Университет жақында Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігінің институционалдық аккредитациялауынан сәтті өтіп, куәлігін иеленді. Ұлттық және халықаралық деңгейде аккредиттеу шаралары мен академиялық ранжирлеу арқылы Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруды мақсат еткен агенттік бүгінгі таңда еліміздегі 41 жоғары оқу орнын аккредиттеді. Елімізге танымал Алматы, Астана қалаларындағы бірнеше жеке оқу орындарымен қатар, аталмыш куәлікті иелену университет ұжымы мен студенттерінің еңбегі деп білеміз.

Университет Қазақстан Республикасының әлеуметтік-саяси дамуы басымдықтарына сәйкес, кешенді іс-шаралар негізіндегі алдағы бесжылдыққа дамудың стратегиялық жоспарын жасады. 12 бөлімнен тұратын жоспар университет келешегінің жаңа баспалдағы болмақ.

**Мұрат НАСИМОВ,**
**саяси ғылымдарының кандидаты, «Болашақ» университеті ректоры міндетін атқарушы.**

Валюта бағамдары: USD 183.52 EUR 248.34 RUR 5.26 CNY 29.59

ЖАҢА ЖОБА

# ТИІМДІ ТӘСІЛ

**Қызылорда облысында медициналық кадрлар жаңа білім беру технологияларын қолдану арқылы дайындалады.**



Әлемдік денсаулық сақтау саласының қазіргі негізгі проблемаларының бірі – бірінші кезекте медициналық көмек көрсететін қызметкерлердің тапшылығымен, дәрігерлер мен медбикелердің және акушерлердің арасалмағындағы үлкен алшақтықтармен, сондай-ақ, медициналық қызметкерлердің үлкен қалаларда шоғырланып алуымен байланысты болып отыр. Еліміздегі осы проблеманың бір көрінісі – білікті медицина қызметкерлері санының ауылдар мен аудандарда сирей түсуі.

Дәрігерлердің білімін жетілдірудің Алматы мемлекеттік институты ел өңірлеріндегі осы проблеманы шешу үшін кадрларды үздіксіз даярлаудың қанатқақты жобасын ұсынды. «Қызылорда облысындағы денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі ғылыми негіздемені және кадрларды үздіксіз кәсіптік даярлаудың кешенді моделін әзірлеу» деп аталатын бұл жобаны жүзеге асыру мақсатында институт басшылығы мен Қызылорда облысы әкімдігі арасында ынтымақтастық туралы меморандум жасалынып, облыстық денсаулық сақтау басқармасымен бірлескен бағдарлама қабылданды.

Қызылорда облысындағы денсаулық сақтау саласының жағдайына жүргізілген талдаулар нәтижесі бұл облыста мамандар біліктілігін көтеруге деген қажеттіліктің күшті екендігін көрсетті. Сондықтан, облыстық денсаулық сақтау басқармасымен келісіле отырып, біліктілікті арттыру курстарын, семинарлар мен шеберлік сыныптарын жүргізудің мерзімдері анықталды.

Қызылорда облысындағы медициналық кадрлардың кәсіптік даярлығын үздіксіз арттыруға бағытталған бұл бағдарламаның бір ерекшелігі – оның нақ осы өңірдің жағдайы мен қажеттілігіне лайықталып жасалғандығы болып табылады. Сондықтан, мұндағы оқу бағдарламаларының барлығы осындағы денсаулық сақтау жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін барынша ескеретін болады. Мәселен, медицина қызметкерлерін бір орталыққа жинаудың күрделілігі ескеріле отырып, жаңа оқыту технологиясының мүмкіндіктері негізінде телемедицинаның жетістіктері пайдаланылады. Сондай-ақ, ауылдағы дәрігерлерге олардың өз жұмыс орындарында оқыту ісі қолданылады.

Шеберлік сыныптарын жүргізу үшін М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің, Архангельск қаласындағы қоғамдық денсаулық сақтаудың халықаралық мектебінің оқытушылары, шетелдік мамандар шақыртылды.

Жасалынған келісім бойынша 2014-2015 жылдар аралығында 1078 медицина қызметкерін оқыту жоспарланған. Биылғы жылдың басынан бері 514 қызылордалық дәрігер оқудан өтті. Соның ішінде, республикалық бюджет есебінен 2014 жылдың басынан бері 191 маман өз біліктілігін көтерсе, 26 маман қайта даярлықтан өтті. Ал жергілікті бюджет есебінен 587 маман өз біліктілігін көтеріп, 86 маман қайта даярлаудан өтті.

**Сұңғат ӘЛІПБАЙ,**
**«Егемен Қазақстан».**

# ЖАСТАР – ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы, "Жастарды қолдау орталығының" ұйымдастыруымен "Сыр болашақ жастары – кемел елдің ертеңі" атты семинар болып өтті. Оған ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ішкі бақылау қызметінің бас консультанты Ж. Наушабай, облыс бойынша департамент басшысы, Тәртіптік кеңес төрағасы Ғ.Тұрсынбаев, облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Ж.Базартай және жас мемлекеттік қызметшілер клубының мүшелері қатысты.

Семинарды Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департамент басшысы Ғ.Тұрсынбаев жүргізіп, шараның маңыздылығына тоқталып өтті.

Қазіргі таңда жастар ұйымының атқарып жатқан негізгі қызметі ерекше. Олар белсенді жастар қатарын арттырып, қоғамның жан-жақты дамуына өзіндік үлестерін қосуда. Түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, жастардың шығармашылық белсенділігін арттырып, қоғамда жұмыссыз жастар санын азайтуда.

Сондай-ақ, білікті жас мамандардың клубы құрылған болатын. Бұл клуб мүшелері арнайы бас қосып, жас мемлекеттік қызметшілердің тыныс-тіршілігін талқыға салатын. Осы орайда "Сыр болашағы" жас мемлекеттік қызметшілер клубының төрағасы А.Қайруллаев өткен жылы клубтың атқарған қызметі мен жеткен жетістіктері, жүзеге асырған жаңа жобалары жөнінде таныстырып өтті. Жиында клуб төрағасы сайланды. Клуб жетекшілігіне жастар басқармасын басқарып отырған Жандос Базартай сайланып, ол өзінің алдағы атқарар жұмыстарын көпшілікке слайд арқылы түсіндірді.

Иә, өткен жылы облыс жастарының белсенділігі жөнінде респубиклық деңгейде 3-орынға шыққан болатын. Бұл да жақсы көрсеткіш. Негізінен облыста 200 мыңнан аса жастар болса, оның басым бөлігі жоғары оқу орындарында мамандық игерсе, қалғаны жастар ұйымдарында белсенді қызмет атқаруда.

Білікті кадр – қашанда өз ісінің шебері. Ал, оны даярлау қоғамның міндеті. Сонымен қатар, қазіргі жас мемлекеттік қызметшілердің құқығы мен атқарар қызметі жөнінде Сыр еліне арнайы келген Ж.Наушабай кеңінен түсіндіріп өтті.

Шара соңында арнайы келген маманға сұрақтар қойылып, оған тиісті жауап берілді.

**Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.**

# ҮЗДІК ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ

Елімізде жыл сайын оқушылардың шығармашылық әлемін шыңдау үшін республикалық деңгейде түрлі байқаулар мен сайыстар ұйымдастырылып келеді. Осындай конкурстардың бірі М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолдауымен жүзеге асуда. 2012 жылдан бері өткізіліп келе жатқан дәстүрлі республикалық байқаудың биылғы тақырыбы "Абай және Әуезов: рухани үндестік" болып табылды.

Сайыстың негізгі мақсаты – қазақ әдебиетінің классиктері Абай Құнанбаев пен М.Әуезовтің шығармашылық мұраларын жастар арасында кеңінен насихаттау, жасөспірімдерді көркем әдебиетке баулу, ғылыми-зерттеу жұмыстарының ережесін білу және мемлекеттік тілді дамыту. Басты талап конкурсқа 9-11 сынып аралығындағы оқушылар қатыса алады. Байқауға ұсынылған шығармалар 2014 жылдың 10 қыркүйегіне дейін қабылданады.

Жеңімпаздар диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Жүлделі орынға ие болған оқушылар 2014 жылдың 26 қыркүйегінде өтетін "Абай және М.Әуезов оқулары" ғылыми-тәжірибелік конференциясында марапатталатын болады. Сондай-ақ үздік шыққан шығармалар конференция материалдарының жинағына еніп, "Қазақ әдебиеті", "Ана тілі" газеттерінде жарық көреді.

Егер сіз де осы байқауға қатысып жеңімпаз боламын десеңіз, қазірден бастап кірісекеніңіз жөн. Байқау шарттарын толық білу үшін мына байланыс телефонына хабарласып, керекті ақпаратқа қол жеткізуге болады. +7 (7272) 61-22-27, 61-74-41, 90-06-16.

**С.АДАЙБАЕВА.**

БРИФИНГ

# МҰРАҒАТ – ҚҰНДЫ ҚАЗЫНА

**"Сыр Медиа" ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында облыстық мұрағаттар мен құжаттама басқармасының басшысы Ғайнолла Жарқынбаев баспасөз конференциясын өткізді. Онда мұрағат ісін жетілдірудің алғашқы жартыжылдықта атқарылған жұмыстары қорытындыланып, алдағы міндеттер белгіленді.**

Басқарма басшысы Ғайнолла Зейноллаұлы есепті кезеңде мұрағат мекемелерінің ауқымды жұмыстар атқарғанын атап өтті. Құжаттардың сақтау бірлігін және жай-күйін тексеру барысында 26 мың 415 іс-құжат қамтылса, олардың физикалық жай-күйін жақсартуда 2859 сақтау бірлігінің 75 мың 341 парақтарына қайта өңдеу, яғни реставрация жұмыстары жүргізілген. Мәтіні өтуге айналған 1334 парақ қайта қалпына келтіріліп, 9408 сақтау бірлігінің мұқабалары қайта түптелген. Мұрағат қызметкерлеріне және зерттеушілерге қор сақтау қоймасынан 63 мың 626 сақтау бірлігі, оның ішінде зерттеушілерге 1091 сақтау бірлігі іріктеліп берілсе, 10054 байламның жүз бір мың екі жүз қырық алты сақтау бірлігі шаң-тозаңнан тазартылған. Сондай-ақ 6268 сақтау бірлігі қайтадан қорапқа салынып, 14 мың 649 сақтау бірлігі шифрланса, 6653 байламның ярлықтары жаңартылған.

Республика бойынша облыс мұрағаттарының басты жетістігі болып табылатын "Электрондық мұрағат" ақпараттық жүйесіне 2010 жылдан бастап 4 млн. 623 мың 495 парақ цифрланса, жыл басынан бері 5702 істен 802 мың 128 парақ сандық жүйеге енгізіліпті.

Басқарма басшысы журналистерге жағымды жаңалықты жеткізді. Оның айтуынша, осы жылдың екінші жартысынан бастап сыйымдылығы 600 мың құжатты қамтитын жаңа типтік үлгідегі "Мұрағаттар үйінің" құрылысы басталыпты.

Баспасөз конференциясы барысында Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйінің фоэсіне мемлекет және қоғам қайраткерлері, туғанына 115 жыл болған Темірбек Жүргенов пен Мұстафа Шоқайдың 125 жылдық мерейтойына арналған "Ұлтын сүйген ұлы тұлғалар" атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге қос қайраткердің өмірдеректері мен қызметіне қатысты құжаттар қойылды.

Қорытындылай келгенде, мұрағат саласының дамуы қарқынды жүзеге асып келеді. Оған дәлел, мұрағаттың материалдық-техникалық базасы нығайып, жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР МӘРТЕБЕСІ

**Сәрсенбіде "Сыр Медиа" ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті – тәртіптік кеңестің биылғы бірінші жартыжылдықтағы атқарған жұмыстары қорытындыланды. Бұл туралы департамент басшысы, тәртіптік кеңес төрағасы Ғалым Тұрсынбаев баяндап берді.**

Ғалым Сұлтанұлының айтуынша, аймақ мемлекеттік қызметшілерінің құрамы үш мың жеті жүз елуді құрайды екен. Олардың жетеуі саяси, он төрті "А" корпусының, қалғандары "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері. Ал облыстың мемлекеттік органдарында мың алты жүздей әйел адамдар жұмыс жасайды десек, бұл барлық мемлекеттік қызметшілердің қырық бес пайызына тең.

Енді мемлекеттік қызметшілердің жас құрамына тоқталсақ, отыз-қырық жас аралығындағылар отыз бес пайыздай болса, қырық-елу аралығындағылар төрттен біріндей көрінеді. Ал ердің жасынан асқандар жиырма бес пайыздың үстінде десек, орда бұзар жастағы жеткіншектеріміз бес жүз елу алтыға тең екен. Қызметкерлердің орта жасы қырық бірді құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің 3216-сы жоғары білімділер десек, олардың 465-і екі немесе одан да көп мамандық иелері саналады. Бұлардың арасында төрт ғылым докторы мен он төрт ғылым кандидаты бар болса, қалғандары орта арнаулы мамандықтағылар. Бір қызметші "Болашақ" бағдарламасы бойынша білім алса, он екі қызметкер ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын бітіргендер. Жоғары білімділердің ішінде экономистердің үлес салмағы басым, яғни отыз жеті пайызға тең. Заңгерлер он сегіз пайыз болса, он бір жарым пайызбен техникалық мамандық иелері алғашқы үштікті түйіндейді.

Департамент алғашқы алты айда бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға тағайындауға байланысты 203 мемлекеттік қызметшінің жеке келісімдерін қарап, олардың жүз тоқсан сегізіне біліктілік талаптарына және заңдылық нормаларына сәйкес келуіне байланысты келісім беріліпті.

Өткен алты айда облыстың барлық деңгейдегі мемлекеттік органдарына 306 бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға конкурс өткізіліп, оған 424 адам қатысқан. Нәтижесінде екі жүз бес үміткер іріктеу жеңімпаздары танылып, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу құқығына ие болған. Ал "А" корпусының іріктеуіне біздің аймақтан жиырма үш үміткер құжат тапсырса, олардың он сегізі тестке қатысқан.

Жыл басынан бері облыстық тәртіптік кеңес қарауына алпыстай арыз-шағым түссе, оның қырық үші ҚР "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңды бұзу, ал он бесі қызмет этикасын бұзу фактілері бойынша шағымдар. Тәртіптік кеңес отырыстарында қаралған отыз істің он алтысына тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныс берілсе, төртеуі шешім қабылдау үшін мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлға қарауына жолданып, он істі тоқтату туралы шешім қабылданған.

Өткен алты айда департамент тарапынан мемлекеттік органдарға жүргізілген елу алты тексерудің алтауы жоспарлы да, қалғаны жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен агенттік тапсырмасына сәйкес жүргізілген.

Баспасөз мәжілісіне ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өкілі Жәнібек Наушабаев қатысып, журналистер сауалдарына тұшымды жауап берді.

**Б.СМАЙЫЛҰЛЫ.**

**Елбасымыз өз Жолдауында шағын және орта бизнесті дамыту XXI ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы екеніне тоқталды. Осы ретте шағын және орта бизнес субъектілерінің санын арттыру негізгі міндеттің бірі саналады. Елімізде құрылған кәсіпкерлік орындарының басым бөлігі сауда-саттық саласында қызмет көрсетеді. Мамандардың айтуынша, кәсіпкерліктің бұл түрі басқа бизнес түрлерімен салыстырғанда жоғары деңгейде дамыған. Бұған дейінгі кезекте дайын өнімді алып-сатып дағдыланған кәсіпкерлерді ендігі уақытта өнім өндіруге бейімдеуге маңыз беріліп келеді. Осы орайда мемлекет «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын әзірледі. Бағдарламаның мақсаты – экономиканың шикізаттық емес секторларындағы өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сонымен қатар бар жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жұмыс істейтін жаңа жұмыс орындарын құру. Осы орайда «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Қызылорда облыстық филиалының директоры Жансұлтан Матаевты әңгімеге тартқан едік.**



# "ДАМУ" ДЕМЕГЕН ЖОБАЛАР

*– Бағдарлама аясында осы салада кәсіп жүргізетін бизнес өкілдерінің екінші деңгейлі банктерден рәсімдеген несиелерінің пайыздық үстемелерін мемлекет субсидиялауға мән беріледі. Сондай-ақ, несие алуға кепіл жетіспеушілігіне тап болған кәсіпкерлерге Даму қорының бағдарламасы аясында берілетін кепілдіктері ұсынылды, – деп бастады әңгімесін Ж.Матаев бізбен сұхбатында.*

– Айта кететін болсақ, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шағын және орта бизнесті екінші деңгейлі банктер тарапынан қаржыландыруға оң шешімін тигізді. Мемлекеттік бағдарламаларды дер кезінде жүзеге асыру оның сандық және сапалық көрсеткіштерін арттырды. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында біздің аймақта барлығы 21,4 млрд теңге көлеміндегі 198 жоба субсидиялануда. Соның ішінде 37 жоба жартылай кепілдендіру бағдарламасының мүмкіндіктерін пайдаланып, несиеге қол жеткізді. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының жүзеге асу уақытында өңіріміздегі іске асып жатқан жобалар бойынша барлығы 1 млрд. 376 млн. теңге көлемінде субсидия төленді. Осы қолдау нәтижесінде облыс бойынша 7 180 жұмыс орны сақталып, жаңадан 3 620 адам екі қолға бір кәсіп тапты.

*– Осыған қарай отырып, жоғарыда аталған бағдарламаның тиімділігін аңғару қиын емес секілді. Бұдан басқа да қандай іс-шараларға мән берілуде?*

– Бұл көрсеткіштердің барлығы дерлік осы бағдарламаның тиімділігін көрсетеді. Кепіл тапшылығына тап болған кәсіпкерлерге арналған жартылай кепілдендіру бағдарламасы да қарқынды жүзеге асуда. Алдыңғы жылмен салыстырғанда былтыр кепілдендіру жобаларының саны үш есеге артты. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының ерекшеліктерінің бірі – ісін жаңадан бастаған бастауыш кәсіпкерлерді қолдау екені белгілі. Осы бағытта арнайы әзірленген «Даму Start-up» және гранттық қаржыландыру жобаларының маңызы зор. Себебі, осы бағдарламалар бастауыш кәсіпкерлерге мол мүмкіндік береді.

Елбасымыздың үстіміздегі жылғы халыққа жолдауында «Шағын және орта бизнес жаңа инновациялық кәсіпорындар төңірегінде дамуға тиіс» деп айтылған. Міне, осы ретте гранттық қаржыландыру жобасы бойынша былтыр 12 ісін жаңадан бастаған кәсіпкер инновациялық идясын жүзеге асыруға 3 млн. теңге, 2 бастауыш кәсіпкер 6 млн. теңге көлемінде қайтарымсыз грантқа ие болды. Соның ішінде хостел стилінде қонақ үй, фито-бар, полистирол мен пенополиуретанннан жасалған бұйымдар өндіретін цех ашылса, құрамында токсин мен сынабы бар үнемдегіш электр шамдарын жинау және залалсыздандырумен айналысатын кәсіпорын жұмысын іске қосуды жоспарлап отыр. Биылғы жылы да, қайтарымсыз грант қаржысының көмегімен жаңадан үш жоба жұмысқа қосылып отыр.

Бағдарлама аясында несиелерінің пайыздық үстемесін төмендетіп, өз шығындарын азайтқан кәсіпкерлердің бизнес-жобалары қазіргі таңда табысты іске асуда. Облыс тұрғындарына дайын өнімін ұсынып, түрлі салада ел игілігіне қызмет көрсетіп отырған шағын және орта бизнес субъектілері аз емес. Атап айтатын болсақ, соның ішінде «СымбатОйл» ЖШС Қызылорда қаласында қазіргі заман талабына сәйкес жабдықталған 350 орындық екі балабақша ашып, қала бүлдіршіндерін шаттыққа бөледі. Сондай-ақ, осы балабақшаларда жаңа жұмыс орындары ашылды. «Темірхан» ЖШС «Альянс Банкінен» рәсімдеген несие қаражатына қала орталығынан «Жан-Ай» фитнес-орталығын пайдалануға берді, бұл орын бассейн, тренажерлермен жабдықталған. Қызылорда қаласында «Браунис» брендтік атауымен танымал болған кондитерлік цехы, озық технологиямен өндірілген түрлі тәтті өнімдерін өңір тұрғындарына ұсынуда. Дәл осы кондитерлік цех жүйесін жеке кәсіпкер Айдос Сайлығараев «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында кепілдік ала отырып, екінші деңгейлі банктен несие рәсімдеп және оны субсидиялау нәтижесінде жүзеге асырды. Сонымен қатар, бизнестің қыр-сырын меңгерген білікті кәсіпкерлерден бөлек, бағдарлама аясында өз ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлер де шағын несиелерге қол жеткізіп отыр. Мысалға, зейнет жасына шығып, өзінің өмір бойы кәсіп еткен жұмысын бизнес түріне айналдырған Темірбек Барахатов, «Даму Start-up» жобасы арқылы «БанкЦентрКредит» банкінен жеңілдетілген несие рәсімдеді.

*– Бағдарлама аясында кәсіпкерлердің әлеуетін арттыруға көңіл бөлінгенін жақсы білеміз? Бұл бағытта қандай жұмыстар жүргізілуде?*

– Бағдарламаның төртінші бағыты – кәсіпкерлердің әлеуетін арттыру. Шағын және орта бизнесті дамытудың тиімді қадамдарының бірі, кәсіпкерліктің бастапқы кезеңіне бағытталған – «Бизнес-Кеңесші» жобасы. Жобаға қатысушылар кәсіпкерліктің жеделдетілген курсын екі күн бойы білікті тренерлердің өткізуімен тегін оқиды. Бүгінгі таңда «Бизнес-Кеңесші» жобасына облыс тұрғындары тарапынын сұраныс көп. Былтыр осы жоба аясында 638 адам оқыту жоспарланса, жыл аяғына дейін 931 тұрғын кәсіпкерліктің жеделдетілген курсынан өтіп, сертификат иемденді. Жобаның жүзеге асырылу уақыты аралығында облыс көлемінде 3436 адам оқудан өтті.

«Бизнес-Кеңесші» жобасы бастауыш кәсіпкерлерге бағытталса, 2013 жылы арнайы жұмысын жасап тұрған кәсіпкерлерге «Бизнес-Кеңесші-2» жобасы ұсынылды. Бұл жоба барысында облыс кәсіпкерлерінің әлеуетін арттыру мақсатында ұйымдастырылған семинар-тренингтерді өткізуге арнайы Алматы қаласынан бизнес-тренерлер шақыртылды. Жоба шеңберінде қазіргі таңда 88 кәсіпкер оқытылды.

Сонымен қатар, аға буын өкілдерін оқытуға бағытталған «Іскерлік байланыстар» жобасының мақсаты – шетелдік ұйымдармен іскерлік байланыстар және ынтымақтастық орнату жолымен еліміздің кәсіпкерлерінің біліктілігін көтеру. Облыс бойынша жобаның 1-ші кезеңі жүзеге асырылу уақыты аралығында 77 экономиканың басымды секторында кәсібін жүзеге асыратын шағын және орта бизнес өкілдері «ТұранПрофи» халықаралық академиясында оқудан өтті. Ал, «Іскерлік байланыстар» жобасының 2-ші кезеңі шеңберінде облыстың 11 кәсіпкері АҚШ және Германия елдерінде бағдарлама аясында 4 аптаға созылған тегін бизнес-тәжірибеден өтіп келді. Аға буын өкілдерін оқытуға бағытталған жобалардың бірі – топ-менеджмент өкілдерін Назарбаев университеті базасында оқыту болып табылады. Бизнесті жүргізудің заманауи үлгілерімен танысып, Назарбаев Университеті мен Дьюк Университетінің бірлескен сертификатын қызылордалық 38 кәсіпкер облыс көлеміне белгіленген квотаға сәйкес иемденіп отыр.



*– Облыста қандай пилоттық жобалар жүзеге асырылуда?*

– Былтыр облыста бірқатар пилоттық жобалар іске қосылды. Соның бірі – «Жас кәсіпкерлер мектебі» жобасы. Оған 18 бен 29 жас аралығындағы өз ісін бастағысы келетін белсенді жастарға тарту көзделген. Оны бизнес саласында білім беруге бағытталған инновациялық жоба деп айтуға толық негіз бар. Жоба аясында жас тұлғалардың кәсіби және жеке әлеуетін арттыруға арналған екіапталық тегін тренинг-семинарлар Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті базасында былтыр қазан-қараша айларында 2 рет өткізілді. Осы уақыт аралығында Қызылорда облысы бойынша 18 бен 29 жас аралығындағы 125 тұрғын тегін негізде оқытылды.

Сыр өңірінде кәсіпкерлік саласындағы басты жаңалықтың бірі – 2013 жылдың 30 мамырында «Кәсіпкерлерді қолдау орталығы» ашылды. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының басты мақсаты – кешенді қолдау көрсету жолы арқылы Қазақстандық бизнестің лайықты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруына жағдай жасау. Орталықтың кәсіпкерлікті дамытуда алар орны ерекше. Себебі, бұл жерде өз ісін бастағысы келетін, бірақ идеясы мен қаражаты жетіспейтін әрбір адамға бағыт-бағдар беріледі. Осы уақыт аралығында 3864 Қызылорда қаласының тұрғыны кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында тегін кеңес алды. Оның 3088 жеке тұлға болса, кеңес алған кәсіпкерлер саны – 776. «Бір терезе» тәртібінде мемлекеттік қолдау тетіктері бойынша бизнес-консалтинг және консалтинг бойынша толық қызметтер көрсетілетін ККҚО-да үстіміздегі жылдың ақпан айынан бастап екі жақты ынтамақтастық келісім-шарт негізінде Даму қоры мен Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының кеңесшілері ақысыз негізде келесі қызметтер көрсетеді.

Сондай-ақ, өткен жылдың мамыр айында Қызылорда облысында «Кәсіпкерлікті қолдаудың мобильдік орталығы» жұмысқа қосылды. Бұл орталықпен бірге «Кәсіпкерлерді қолдау орталығының» кеңесшілері облыстың барлық аудандары мен шалғай ауылдарын ай сайын аралады. Кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары жайлы кеңес берді. 2013 жылдың ішінде ККМО 65 рет және 2014 жыл басынан 35 рет облыс аудандары мен шалғай ауылдарына іс-сапармен шығып, мобильдік кеңесшілер тобы 1200-ден аса ауыл тұрғынына тегін қызмет көрсетті. Ауылдық кәсіпкерлер үшін кәсіпкерлікті қолдаудың мобильдік



орталығының маңызы өте зор. Себебі, ауылдық кәсіпкерлердің барлығының бірдей аталған қызметтерді пайдалану үшін облыс орталығына баруға уақыттары бола бермейді.

*– Елдің арасында мүмкіндігі шектеулі азаматтар да өз ісін жүргізгісі келеді. Бұл бағытта қандай бағдарламалар жұмыс істейді?*

– «Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қоры» «Даму-Көмек» бағдарламасы аясында мүгедек кәсіпкерлерге де қолдау көрсетеді. Бұл бағдарлама мүмкіндігі шектеулі адамдарды материалдық ырыс-береке және кәсіби өсу негізі болып табылатын кәсіпкерлік қызметті жүргізуге ынталандыратын жағдай жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жұмыс жасап жүрген мүгедек-кәсіпкерлерді бизнеске арақашықтықтан оқыту арқылы олардың біліктілік деңгейлерін арттыруға жәрдемдеседі. «Даму» қоры мүгедек кәсіпкерлерді қаржыландырмайды. Алайда, мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлер және әлеуетті демеушілер мен кредиторлар арасында байланыстырушы буын болып әрекет етеді. Осындай қызмет нәтижесінде облыс төңірегінде 67 мүгедек кәсіпкерлерге демеуші тартылып, қолдау көрсетілді. Сондай-ақ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» мен «Қазкоммерцбанктің» «Құс жолы» корпоративтік қайырымдылық қоры ұйымдастырған кәсібін жаңа бастаған мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Жұлдыздарға қара» ортақ жобасы аясында облысымыздың мүмкіндігі шектеулі 18 кәсіпкері гранттық қаржыландыруға ие болды.

Биылғы жылдың маңызды жаңалығының бірі, «Даму кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның өрісі кеңейіп, облысымыздың барлық 7 аудан орталығында «Аудандық кәсіпкерлікті қолдау орталықтары» ашылды. Аудандық «Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының» негізгі мақсаты ауыл тұрғындарына кәсіп ашуға және оны дамытуға қолайлы жағдай жасау болып табылады.

АКҚО-ның кеңесшілері келушілерге мемлекеттік бағдарламалар бойынша қолдау, бизнесті ашу мен оны дамыту жайында кеңес бере отырып, бизнес-жоспар жасауға көмек көрсетеді, сондай-ақ «Бизнес-Кеңесші» жобасына тіркеу жүргізіп, несие пайызын субсидиялау мен кепілдік алуға мемлекет тарапынан беретін көмектерге құжат жинауға да жәрдемдесетін болады. Кеңесшілер қызметі тегін көрсетіледі. Кәсіпкерлікті қолдау орталығының Кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалдарында орналасуы, аудан тұрғындарына қолайлы болатындығы сөзсіз. Себебі, мақсаты мен жұмыс бағыты кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Даму» қоры мен Кәсіпкерлер палатасы күш-жігерін біріктіріп, ел игілігіне қызмет көрсететін болады.

Әрине, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын тиімді жүзеге асыру үшін ең бірінші кезекте облыс көлемінде ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу қажет. Осыған орай, облыс кәсіпкерлерінің «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасына қатысу белсенділігін арттыру, интернет-аудитория арасында мемлекеттік бағдарлама туралы ақпаратты кеңінен тарату мақсатында облыстық және қалалық әкімдіктің, аудан әкімдіктерінің электронды сайттарында арнайы веб-баннерлер мен бағдарлама аясында кепілдеме, субсидия алу шарттарына жасалған сілтемелер орнатылды. Сондай-ақ барлық екінші деңгейлі банктер, халыққа қызмет көрсету орталықтары, әуежайда «Табысты кәсіпкерлер» жайлы бейнероликтер көрсетілуде.

*– Әңгімеңізге рақмет.*

**Сұхбаттасқан**
**Әділжан ҮМБЕТ.**

# "АҚНИЕТ" БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША 2014 ЖЫЛҒЫ ГРАНТ ИЕГЕРЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

## Жалағаш ауданы

| № | Номинация | Тегі, есімі, әкесінің аты |
|---|---|---|
| 1 | Қамқор | Нұрпейісов Берік Сақтағанұлы |
| 2 | Игілік | Табынбаева Бибіқатша Парахатқызы |
| 3 | Игілік | Өскенова Нұргүл Нұрланқызы |
| 4 | Жаңалық | Келдібаева Эльмира Өмірбайқызы |
| 5 | Игілік | Ахметова Жанар Ярқызы |
| 6 | Жаңалық | Әмзебаева Айткүл Әбілқасымқызы |
| 7 | Қамқор | Шаймағанбетов Орынбек Ақбергенұлы |
| 8 | Игілік | Алшоразова Майя Сәдуқызы |
| 9 | Жаңалық | Досжанова Болар |
| 10 | Бастама | Меңбаева Майра Мақсұтқызы |
| 11 | Әлеуметтік кәсіпкер | Аптикалиева Патима |
| 12 | Жаңалық | Ембергенов Оразбек Қожантайұлы |
| 13 | Игілік | Пірмантаева Гүлназ Өмірсеріkқызы |
| 14 | Бастама | Жалғаспаева Ұлпан Жалғаспайқызы |
| 15 | Қамқор | Тыманбаев Олжас Жалғасұлы |
| 16 | Игілік | Райханов Ғани Тұрғанұлы |
| 17 | Бастама | Оразбай Арайлым Ардаққызы |
| 18 | Жаңалық | Жаңабаев Ерлан Есетұлы |
| 19 | Жаңалық | Сейдуллаев Маратбек Қабадуллаұлы |
| 20 | Жаңалық | Оспанов Асылбек Орынбекұлы |
| 21 | Әлеуметтік кәсіпкер | Исмайлова Эльмира Жалғасбайқызы |
| 22 | Қамқор | Исаева Мейрамкүл Амангелдіқызы |
| 23 | Жаңалық | Маханбетжанова Құралай Есенжолқызы |
| 24 | Қамқор | Заманбеков Абылай Сейтахынұлы |
| 25 | Қамқор | Пұсырманова Айымкүл Мәдібергенқызы |
| 26 | Жаңалық | Бегімсал Қайрат Ерғалиұлы |
| 27 | Жаңалық | Есжанов Айбек Бақытбекұлы |
| 28 | Жаңалық | Әйтімов Нұрсұлтан Кенжебайұлы |
| 29 | Қамқор | Әбуов Сембек Дулатбайұлы |
| 30 | Игілік | Сүлейменов Мейрамбек Әлішерұлы |
| 31 | Бастама | Дүйсенбаев Қайрат Асанұлы |

## Қармақшы ауданы

| № | Номинация | Тегі, есімі, әкесінің аты |
|---|---|---|
| 1 | Қолөнер | Сәтов Алманбет |
| 2 | Игілік | Әбдірейімов Сержан Жайлаубайұлы |
| 3 | Қолөнер | Ыдырысова Нұрсұлу Әбдешқызы |
| 4 | Игілік | Танкенова Гүлмира Мұхаметуалиқызы |
| 5 | Қолөнер | Жүренбаева Жұпар |
| 6 | Игілік | Есшанова Алмагүл Әбдешқызы |
| 7 | Жаңалық | Әжікова Бибігүл Қалаубайқызы |
| 8 | Жаңалық | Досполова Мақпал Қожақызы |
| 9 | Жаңалық | Ботабаева Гүлбәну Сұлтанғалиқызы |
| 10 | Бастама | Досболов Әмзе Дүкенбайұлы |
| 11 | Бастама | Карикулов Бекболат Қадырбекұлы |
| 12 | Бастама | Төлепов Тұрсын Орынбасарұлы |
| 13 | Игілік | Орынбекова Айнагүл Орынбекқызы |
| 14 | Әлеуметтік кәсіпкер | Оразбаева Сәуле Айсұлтанқызы |
| 15 | Жаңалық | Дайрабаев Бауыржан Аманұлы |
| 16 | Жаңалық | Жәнібеков Хамза Байзақұлы |
| 17 | Жаңалық | Жәнібекова Майра Нұрлыбекқызы |
| 18 | Бастама | Молдабаева Сания Қанибекқызы |
| 19 | Жаңалық | Исмаилов Блут Рафихұлы |
| 20 | Бастама | Мұрадов Әмит Сахсутұлы |
| 21 | Әлеуметтік кәсіпкер | Ақшалова Жадыра Шамшақызы |
| 22 | Әлеуметтік кәсіпкер | Бибазарова Света Байдәулетқызы |
| 23 | Игілік | Оралова Зағипа Бақбергенқызы |
| 24 | Қолөнер | Жалғасбаева Шырынкүл Мәдібайқызы |
| 25 | Қамқор | Мырзақұлов Жомарт Ілиясұлы |
| 26 | Әлеуметтік кәсіпкер | Мұсаев Сәндібек |
| 27 | Игілік | Бермағанбетова Айнұр Бермағанбетқызы |
| 28 | Жаңалық | Науанов Матығұл Әнуарбекұлы |
| 29 | Жаңалық | Сарөзенов Марат Мәлікұлы |
| 30 | Қамқор | Ізбасаров Абай Кенжебайұлы |
| 31 | Бастама | Маманова Нұргүл Рубекқызы |
| 32 | Әлеуметтік кәсіпкер | Айбергенов Жомарт |
| 33 | Игілік | Өтемұратов Амангелді |

## Сырдария ауданы

| № | Номинация | Тегі, есімі, әкесінің аты |
|---|---|---|
| 1 | Игілік | Алжимбаева Зейнеш Аликқызы |
| 2 | Бастама | Шахметова Гүлнұр Шахметқызы |
| 3 | Қолөнер | Елеуова Үміткүл Сұлтанқызы |
| 4 | Игілік | Бекетова Гүлнұр Жамбылқызы |
| 5 | Қолөнер | Қалиева Манат Тасболатқызы |
| 6 | Игілік | Қозтаева Айша Жұматайқызы |
| 7 | Игілік | Пірімбетова Әлия Ибайдуллақызы |
| 8 | Бастама | Жүсіпова Сымбат Дулығақызы |
| 9 | Жаңалық | Оспанова Гүлнар Бахрадинқызы |
| 10 | Игілік | Бегенова Гүлжайна Мақсұтқызы |
| 11 | Жаңалық | Әлиева Ақжан Әбілдақызы |
| 12 | Қамқор | Қамбаров Берікбол Ибрагимұлы |
| 13 | Қамқор | Төлепов Маралбек Рамашұлы |
| 14 | Жаңалық | Жақашев Қайрат Тынымұлы |
| 15 | Жаңалық | Рахмет Төребек Әбжапарұлы |
| 16 | Жаңалық | Асанова Ақтоты Ертісқызы |
| 17 | Жаңалық | Бодыбаев Темірбек Әміртемірұлы |
| 18 | Қамқор | Әбілқасым Нұрмұхаммед Қанатбекұлы |
| 19 | Игілік | Сейпиева Нұрсәуле Тоқтыбайқызы |
| 20 | Игілік | Өтепова Айнұр Кеңесқызы |
| 21 | Қамқор | Жағыпаров Сейдулла Рахметұлы |
| 22 | Қамқор | Байділдаев Әбдірахман Пернебекұлы |
| 23 | Игілік | Аманжолова Дина Қуандыққызы |
| 24 | Игілік | Борисқызы Ақтолқын |
| 25 | Бастама | Бодықов Асхат Әбдімәлікұлы |
| 26 | Жаңалық | Тілеубергенов Оразбай Төлебайұлы |
| 27 | Жаңалық | Сәдуақасов Мұхит Сәйділлаұлы |
| 28 | Жаңалық | Қожекеев Жетібай Мыңжасарұлы |
| 29 | Бастама | Маханов Жанболат Диханбайұлы |
| 30 | Игілік | Бисенбаева Ақтолқын Зұлпықарқызы |
| 31 | Жаңалық | Әбутәліп Байдәулет Аяғанұлы |
| 32 | Игілік | Қырданов Абай Биболұлы |
| 33 | Қамқор | Төребаева Әсел Мирамбекқызы |

ОЙТАСТАР

# ЗЕЙНОЛЛА ШҮКІРОВ НЕГЕ ЕСКЕРУСІЗ?

Қызылорда қаласындағы қайраткер тұлғаларға ертеректе орнатылған ескерткіштердің орындары ауыстырылып, көпшілік құптарлық жұмыстар жасалынып жатыр. Нақтырақ айтсақ, Ғани Мұратбаев ескерткіші мен Темірбек Жүргеновтің мүсіні өздерінің есімдерімен аталатын стадион алдына және №136-мектеп ауласына, Ыбырай Жақаев Еңбек аллеясына орнатылды. Осындай жұмыстардан хабардар болғандықтан, өзім көріп жүрген Зейнолла Шүкіровтің кеуде-мүсіні де орнын табатын шығар деген ойда болғанмын. Сөйтсем, «Тірлікте де кеудесін бастырмаған, Өлген соң да одан әрі биіктейтініне» (өз сөзі) сенген ақынның кеуде-мүсінінің адам аярлық жай-күйі өзгеріссіз қалғалы тұр екен. Арзанқол материалдан жасалған мүсінге алюминий ұнтағынан жағылған бояуы қабыршақтанған. Тұрған жерін (орнын деп айтуға аузым бармай отыр) көрсеңіз, адам ұяларлық. Бұрынғы АТП-1 мекемесі кеңсесінің алды. Осы кеңсе қазір қонақ үй деуге келмейтін, бірақ Тараздан, тағы басқа жақтан Қызылордаға гүл егуге немесе басқа да жұмыстар істеуге келгендердің уақытша тұрағына айналған. Мүсіннің айналасында әртүрлі жүк машиналары, шашылған қосалқы бөлшектер, әр жерде түнемелік ұйықтаған кісілердің төсек орындары, құрылған масахана, қоқыс қалдықтары, яғни көңіліңді құлазытар көріністер.

Жабыла жамандап жүрген Кеңес кезеңінде ардақталып, құрметтелген, мүгедектігінен екі аяғымен жер басып жүруге шамасы келмесе де, «Ташкентті тамашалаған, Омбының дәмін татқан, Көкшетаудың көркіне сүйсінген, Аягөзді аралаған, аяулы Алматыға сан мәрте сағынып барып қайтқан» (Бұл тіркестер жазушы Адам Мекебаев құрастырған 1988 жылы шыққан «Арал толқындары» атты Зейнолла Шүкіровтің кітабына Мұзафар Әлімбаевтің «Ғазиз жүрек» деп атаған алғы сөзінен алынған) құрыш қазаққа деген құрметіміз әлемнің алдыңғы елу елін еңсеріп, отыздыққа қадам басқан биік мақсатты кезімізде неге осыншалық құлдырады?! Аталған мүсіннің жанына қара граниттен тақта қойылған екен. Тақтада: «Қазақстан Республикасы, Зейнолла Шүкіров, 2003 жыл (орнатылған жылы болуы керек) мемлекет қорғауында» деп жазылыпты. Маған қатты әсер етіп, толқытқаны және таңырқатқаны осы – «мемлекет қорғауында» деген сөз. Жеке бір кәсіпкер болса, шаруасының шамасы келмей қалған ғой дер едік. Мемлекеттің ескерткіштерге қарап, қадағалап тұратын құзырлы мекемесі, оның жалақы алып отырған бірнеше адамы бар емес пе? Солар қайда қарап жүр екен?



Зейнолла Шүкіров жайлы жазылған естеліктер мен шығармаларына талдау жасаған зерттеу еңбектердің көзіме түскенін құр жібермей оқитыным бар. Зәкеңнің міндет артар інілері көп болған. Сол інілері ақынды барамын деген жеріне арқалап алып барып жүрген. Мойнына мініп келе жатып, екі өкшесімен кеудесінен түйгіштегенін де көтерген. Не деген кеңдік? Ұрпақ алмасты, қадірін білетіндер де азайды делік. Қала басшылығының, оған бағынышты мәдениет басқармасының көздеріне түспей, назарларынан қалай тыс қалып жүргеніне таңым бар. Автобазаның ауласын, кеңсесін иеленіп отырған кәсіпкер сауап үшін кеуде-мүсінді жылына бір рет бояуын жаңартып, айналасын абаттандырып, қамқорлық жасап тұрса, «Бір жұлдыз болып жанам мен, Бір жұлдыз болып қалам мен» деген ақынға құрметі өзінің кәсібіне бақ-береке болып дарыған болар еді ғой.

«Еліме тірлігімде сүйікті едім, Сүйгіздім, мен өзім де сүйіп көрдім... Жаманың мен емеспін көз жұмдым деп, Қойнында тыныш жатар суық жердің» дегенінде, ақын өзінен кейінгі ұрпақтың ескерімсіздікке бой алдыратынын мегзеді ме екен?!

«Мен өлгенмен, отты көзін көк жаппас, Мен өлгенмен, кеудем бірақ тек жатпас, Бұл дүниеден ала кеткен жылуын, Қайта берер – Жер жүрегін мұздатпас» деп жырлаған Зәкеңнің топырағы торқа болғай!

Қайран, Зәке! Жырларыңмен таныс, қанында поэзияның ұшқыны бар азаматтар әлі де баршылық. Күйбең тірліктен қолы босамай жүргендердің жүректерінің суығаны болмаса.

Осы пікірді жазғандағы мақсатым – біріншіден, бұрынғы АТП-1 кеңсесінің алдында тұрған кеуде - мүсін алынып, жаңадан қола мүсін жасалуы тиіс. Екіншіден, жаңа орны Зейнолла Шүкіров көшесіндегі облыстық ардагерлер кеңесі мен жұмылдыру дайындығы және дағдарыс жағдайындағы... деп аталатын мекеменің ауласына сұранып тұрғандай. Сонда менің Зейнолламның ескерткіші қазіргідей жүдеу күйден, айналасы гүлмен көмкерілген, көпшілікке ұялмай көрсете алатын тұғырда, «Сыр сұлуы» әнін шырқайтындай көтеріңкі көңіл сыйлаған болар еді деген ойдамын.

**Сәпен АҢСАТОВ,**
**Қармақшы ауданының құрметті азаматы,**
**«Құрмет» орденінің иегері.**

# Сыр жастарына

**(З.Шүкіровке арнау)**

Білесің бе, сен, білмеймін деуге
хақың жоқ,
Келетін саған басқадан бұрын
жақын боп.
Сен өскен осы киелі Сырдың жерінде,
Зейнолла сынды дарабоз туған
ақын жоқ.

Оқысаң оның, зер салып әрбір өлеңін,
Сездіретіндей теңіздің ұлы екенін.
Жырынан оның байқаймын бейне
бір күшті,
Жағаға соққан толқынның
түрін көремін.

Көрсе де мынау тағдырдың
қатал сынағын,
Өлеңнен тапқан өмірге деген құмарын.
Жүз жылда ғана келетін бір рет өмірге
Осындай болар өр мінез, асқақ,
шын ақын.
Кей сәтте қалам жырына оның
тамсанып,
Келді екен қайдан, осынау өлең,
зор шабыт?!
Сыйлады ма екен ақынға
сұлу сөздерді,
Теңіздің суы жататын әркез
долданып.

Аралдың айдын шалқарын
жырға бөлеген,
Жасаған жолын ізгілік атты кемеден.
Содан да болар есімін елі ескеріп,
Орыстың ұлы Корчагиніне теңеген.

Жазылар әлі Зейнолла жайлы
талай жыр,
Ол жаққан шамға, құрдасым,
сен де қарай жүр.
Бір жұлдыз болып қаланған
Сырдың көгінде,
Тарала берер әрқашан одан арай, нұр.

**Айнұр ҮРГЕНІШБАЕВА.**

● ТҰРҒЫНДАР ЛЕБІЗІ

# ӘЛ-ФАРАБИ АУМАҒЫ АЖАРЛАНА ТҮСТІ

**Қаланың шеткі аймағы саналатын Әл-Фараби бабамыз атындағы көшеге алғашқы қоныстанушыларға 25 жылдай уақыт болса, соңғы 5-10 жылда жаңадан үй салушылар көбейіп, халық саны мұнда 17-18 мыңға жуықтады. Жаңадан екі мектеп салынды. Тұрғындарды ауыз су, аяқ су, электр қуатымен қамтамасыз ету мәселелері шешілді. Ал соңғы екі жылда табиғи газ да келтірілді.**

Бұл аймақтағы көптен шешімін таппай келе жатқан өзекті проблема ауыр салмақты автокөліктердің жиі жүруінен жолдардың ойылып кетуі еді. Күзгі және көктемгі жауын-шашынды күндері маршруттағы көліктер уақытылы жүрмей, тұрғындар зардап шекті, қаланың басқа аймақтарында жұмыс істейтін тұрғындар жұмыстарына уақытылы бара алмады. Маршруттағы көліктер қысқы уақыттарда ерте тоқтап, тұрғындар үйлеріне жете алмай, әуре-сарсаңға түсті. Әсіресе, жолдың екі шетіндегі мектептерге оқушылардың жаяу-жалпылап, балшық кешіп баруы қиындық келтірсе, тротуардың жоқтығынан оқушылардың жол-көлік оқиғаларына ұшырауы жиіледі.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев былтырғы көктемде қаланың шеткі аймақтарын аралау кезінде Әл-Фараби көшесінің жағдайын өз көзімен көрді. Тұрғындармен кездесуде бұл мәселені шешуге уәде берген еді. Биылғы сәуір айында жөндеу жұмыстары басталып кетті. Оған бюджеттен бір миллиардқа жуық қаржы бөлінгенін баспасөз беттерінен естідік. Жол құрылысын атқару қуатты техникалары, тәжірибелі мамандары бар «УАД» ЖШС-на тапсырылған екен. Мердігер мекеме тынымсыз жұмыс атқарып, 5 шақырым жерге 3 қайтара асфальт жүргізілді. Бірнеше аялдамалардың орны жасалды. Көшенің екі жағынан жаяу жүргіншілерге арналған тротуар салынды. Қазіргі ауқытта күрделі жөндеуден өткен жолдың екі жағын топырақпен, майда таспен өсіру жұмыстары жүргізілуде. Қысқасы, жолдың құрылысы таяу күндерде аяқталмақшы. Ал көшеге жарық жүргізу, су жүретін лоток салу жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттары дайындалып жатқанға ұқсайды. Бұл жұмыстар да кезегімен атқарылады деген сенімдеміз.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, халыққа қысқа мерзім ішінде жол салып беріп, өзінен бұрынғы басшылардың және өзінің уәдесін орындап, халыққа қамқорлық жасағаны үшін облыс басшысы Қырымбек Көшербаевқа Әл-Фараби көшесі мен оның аумағындағы тұрғындардың ризашылығын жеткізуді азаматтық парызым деп санадым. Лайым, осындай ізгілікті істер алдағы уақытта да жалғасын таба берсе, халық пен биліктің арасындағы алтын көпір берік болмақ.



**Тұрғындар атынан:**
**Тобаш ЕМБЕРГЕНҰЛЫ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**
Қызылорда қаласы.

КЕДЕН ОДАҒЫ

**Жүктің шекара асуы жылдам, кедергісіз және артық шығынсыз жүзеге асырылуы мақсатында кедендік амалдар мен әдістер ұдайы жаңарып отырады. Осындай жаңа ережелер Консультативтік кеңестің мәжілістерінде талқыланады.**

# КЕҢЕСІП ШЕШІЛГЕН ІС НӘТИЖЕЛІ

Қызылорда облысы бойынша кедендік бақылау департаменті жанынан құрылған кеңес 10 жылдан аса жұмыс жасап келеді. Кеңестің тұрақты құрамында өңірдегі бизнес өкілдерімен қатар, қоғамдық бірлестіктердің мүшелері де бар. Мысалы, кәсіпкерлердің облыстық «Кәсіпкер» ассоциациясы Кеңеске жеке тұлғалардың сұрақтарын белсенді ұсынып отырады және аумақтық басқосуларға да ынтамен қатысады. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы орта және шағын кәсіпкерлердің нақты жобалары мен тауарлары бойынша мәселелерді жиі талқылауға шығарады.




Қазақстанның Кеден одағына мүше болуы кезеңінен бастап, салық органдарымен бірлескен кездесулер жиіледі. Кеден және салық әкімшілігін жетілдіру – екі жақты бірдей түсіндіруді талап етеді. Сондықтан, сыртқы экономикалық қызметпен шұғылданушы тұлғалар салық департаментінің лауазымды тұлғаларын да кеңестің мәжілісінде тыңдай алатын мүмкіндік алды.

Консультативтік кеңес осындай мүдделі тұлғаларды әр тоқсанның соңғы онкүндігінде жоспарлы отырысына жинайды. Биылғы жыл басталғалы екі мәжіліс өткізіп, бірнеше өзекті мәселелерді талқылап үлгердік.

2014 жылдың 1 қазанынан бастап күшіне енетін Кеден одағының кеден территориясына теміржол көлігімен әкелінетін тауарлар туралы міндетті алдын ала ақпараттандыру тақырыбы тыңдалды. Тауарлар өткізу пунктіне келіп жеткенге дейін оған қолданылатын кедендік бақылау түрін таңдауға мүмкіндік беретін алдын ала ақпараттандыру әдісі өткізу пункттерінің жүкті жылдам өткізу қабылетін, түптеп келгенде, Кеден одағына мүше мемлекеттердің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Кеден өкілдері мен уақытша сақтау орындарының иелері Кеңеске шақырылып отырады. «Тауарларға арналған декларацияда көрсетілген мәліметтерге өзгерістер мен қосымшалар енгізудің тәртібі туралы» Еуразия экономикалық комиссиясының 2013 жылғы 10 желтоқсандағы №289 шешімі бойынша біздің өңірімізге келіп түсетін тауарлардың негізгі тасқынын кедендік тазартудан өткізетін «Қызылорда-Кедендік ресімдеу орталығы» кеден бекетінде тауар декларациясын толтыру барысында мәліметті орналастырудағы жаңа талаптар инфографика көмегімен түсіндірілді.

Мамырда өткен VII Астана экономикалық форумы және II Дағдарысқа қарсы бүкіләлемдік конференция туралы Консультативтік кеңес мәжілісінде алдын ала хабарлама жасалуы арқасында жергілікті бизнес өкілдері G-Global сайтында интерактивті, ашық және бұқаралық пікірталастарға қатысу мүмкіндігін алды.

Үстіміздегі жылдың 29 мамырынан бастап Қазақстан Ресеймен және Беларуспен Еуразиялық экономикалық одақ құрып, өзінің дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Біздің өлкемізде де үлкен жобалар, жаңа қарқынды өзгерістер болады деп күтілуде. Бизнес әлемі бәсекелес жағдайға көтеріліп дамыған сайын, бизнеске көрсетілетін қызмет деңгейі де сапалы және халықаралық шарттарға сай болуы тиіс. Кезекті кеңесте кеден органдары көрсететін мемлекеттік қызметтердің стандарттары бойынша кедендік амалдар қатарынан тізбеге енгізілген қызмет түрлері таныстырылды. Бұл стандарттар өркениеті жоғары елдерге ортақ шарттар сүзгісінен өтуде. Олардың қатарында департамент тарапынан көрсетілетін: тауарларды жіктеу бойынша алдын ала шешім қабылдау, кеден баждарының артық немесе қате төленгенін анықтау, тауарларды кедендік тазарту және шығару, кедендік баждар бойынша өсімпұлдарды салыстырып тексеру сияқты қызмет түрлерінің шектеулі мерзімі, тәртібі бар. Барынша жеңілдетілген әдістер мен жүйелер қолданысынан соң, біздің департаменттің қызмет аумағында да тауардың экспортқа шығуы мен импорт амалымен ресімделуі барынша қысқа уақытта жүзеге асырылатын болады.

Кеден қызметі тек кеденшінің әрекетімен ғана шектелмейді, бұл сан-салалы қызмет. Бизнес өкілдерінің тарапынан белсенділік, екі жақты тиімді ұсыныс пен әрекет қана бізді ортақ нәтижеге жеткізе алады. Заңнамалық жаңалықтарды таныстырып, түйткілді мәселелерді дер шағында талқылайтын Консультативтік кеңес – кеден мен бизнестің мәміле алаңы және ынтымақтастыққа жол салып келеді.

**Нұрлан ОТАРОВ,**
**Қызылорда облысы бойынша кедендік бақылау департаментінің бастығы.**

## СЫРДАРИЯ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### МЕШІТ ҚҰРЫЛЫСЫ САЛЫНУДА

Рамазан айында сауапты іс жасау – ел халқының бірлігі мен ынтымағын білдірсе керек. Көнекөз қариялардың айтуынша, мешіт пен көпір салу, құдық қазу нағыз сауапты іс көрінеді. Осы бір қағидатты мұрат тұтқан тереңөзектіктер кент орталығынан Алланың үйі – мешіт салуда. Жалпы құны 65,0 млн. теңге тұратын мешіттің құрлысы ағымдағы жылы аяқталып, ел игілігіне берілмек.

Бір айта кететін жағдай, мешіт құрылысы "Көп жиналса – көл" дегендей, аудан халқының өз қаражаттары есебінен салынуда. Атап айтар болсақ, іскер азамат, аудандық мәслихат депутаты М.Бисенов басқаратын "Ақжарма-2" шаруа қожалығы мешіт қорына 500 мың теңге қаржы аударса, жеке кәсіпкер Н.Керейтбаева өз қалтасынан 70 мың теңге қаржы берген.

### ШЕБЕРЛЕР БАЙҚАУЫ

"Сырдария ауданының әйелдері" қоғамдық бірлестігінің бас болуымен қолөнер шеберлерінің "Шебердің қолы ортақ" атты байқауы өтті. Ондаған ауылдар мен кент орталығынан қатысқан қолөнер шеберлері ұлттық киімдер мен құрақ көрпелерді, түскиіз, киіс кебіс, кілем жібінен тоқылған дорба мен қоржындарды, тағы басқа бұйымдарын сарапқа салды. Жоғары талғампаздықпен жасалған бұйымдар көз жауын алды десек, асыра айтқандығымыз болмас.

Байқау қорытындысында бірлестік төрайымы Ұ.Жаналиева қолөнер шеберлері сайысының жеңімпаздары Ж.Маханбет, Ү.Қоразова, С.Сыздықова, Д.Құлымбай, Ш.Тойбаева, Т.Мырзабекованы марапаттап, қалған қатысушылардың барлығына дерлік ынталандыру сыйлықтарын табыстады.

### САХНА ПАДИШАСЫНА ҚҰРМЕТ

Биылғы жылы сахна майталманы Сәбира Майқанованың 100 жылдық торқалы тойы салтанатты жағдайда атап өтілмек. Осыған орай сахна падишасының кіндік қаны тамған жерге, яғни, Қоғалыкөл ауылына М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры әртістері келіп, ауыл тұрғындарымен жүздессе, жақында Шаған ауылында да игілікті тағы бір іс-шара өткізілді.

"Сахна сәні – Сәбира" атты білгірлер сайысына мектеп оқушылары қатысып, "Сәлемдесу", "Бәйге", "Кім жүйрік?", "Ғажайып экран", "Көрермендер көрімдігі" атты бес сайысты сарапқа салды. Осы шара барысында өнерлі жастар С.Майқанованың өмірі мен өнерін әспеттеп, оған деген балаусa жүректерінен шыққан құрмет-қошеметтерін тарту етті.

**Е.АҚҚАЛИҰЛЫ.**
Сырдария ауданы.

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ

## ӨМІР ТУҒЫЗҒАН ҚАЖЕТТІЛІК




Мемлекет басшысы Қазақстанда Зейнетақы жүйесін реформалауды еліміздің алдағы даму стратегиясымен сабақтастыра отырып, оны халықтың өмір сүру сапасын жақсартумен үйлесімді етуді міндеттеген болатын. Реформа кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Алдағы уақытта зейнеткерлерді нендей жаңалықтар күтіп тұр? Газет тілшісінің сауалдарына орай Қазақстан Республикасы Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы Қызылорда филиалының директоры Салхадин Мырзабеков елімізде зейнетақы жүйесін жаңғыртудың өзекті мәселелері туралы әңгімелейді.

*– Салхадин Мырзабекұлы, Елбасының тапсырмасы бойынша қазіргі таңда елімізде зейнетақы жүйесін жаңғыртудың тың қадамдары жасала бастады. Бұл қандай қажеттіліктен туындап отыр?*

– Өздеріңізге мәлім, мемлекет басшысы зейнетақы жүйесін қайта құрудың маңыздылығын 2013 жылы өзінің халыққа арнаған Жолдауында дәйекті, жүйелі түрде атап көрсеткен болатын. Осының негізінде Елбасы Жарлығымен Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді. Зейнетақы жүйесін жаңғырту ынтымақты зейнетақы мөлшерінің азаюынан және зейнетақы төлеу көздерін одан әрі әртараптандыру қажеттілігінен, зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігін мемлекеттің, жұмыс беруші мен қызметкердің арасында бөлуді одан әрі оңтайландыру қажеттілігінен туындап отыр.

Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін алдымен базалық деңгейде зейнеткерлер арасындағы кедейлікті төмендету және азаматтардың зейнетақы жүйесіне қатысуын ынталандыру мақсатында мемлекеттік базалық зейнетақы тағайындау тетігі жетілдіріледі.

Міндетті деңгейде жинақтаушы құрамдауыш сақталатын болады және жұмыс берушілердің өз қызметкерлерінің пайдасына 5 пайыз жарналары есебінен қалыптастырылатын шартты-жинақтаушы қосымша құрамдауыш енгізіледі. Сонымен бірге қызметкерлердің немесе жұмыс берушілердің ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылатын ерікті – үшінші деңгей сақталып, одан әрі дамытылады.

1998 жылы басталған Қазақстанның зейнетақы жүйесін түбегейлі реформалау тиісті нәтижеге жеткізді. Атап айтқанда, зейнетақы жүйесін реттеудің заңнамалық базасы қалыптастырылды, базалық, міндетті (ортақ және жинақтаушы) және ерікті деңгейлерде зейнетақымен қамсыздандырудың көпдеңгейлі жүйесі құрылды. Ол тиімді жұмыс істеп келеді. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік енгізілді.

Еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын дамдарды зейнетақымен қамсыздандырудың кәсіптік схемасы қалыптастырылды. Зейнетақы бағдарламасын қаржыландыру тұрақты ұлғайтылуда және зейнетақы төлемдерінің мөлшері арттырылуда. 1998-2013 жылдар аралығында осы мақсаттарға жұмсалған шығыстар 10,6 есе, базалық зейнетақы төлемін ескергенде орташа зейнетақы мөлшері 11,8 есе ұлғайды.

Осылайша жоғарыда көрсетілген іс-шаралар кешенін іске асыру кірісті зейнетақы төлемдерімен алмастырудың халықаралық стандарттарына сәйкес келетін коэффициентін қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Ол 2014 жылғы 1 қаңтарда жалпы экономика бойынша айлық жалақының 44,6 пайызын құрады.

*– Зейнетақы жүйесін жаңғырту бойынша алдағы уақытта қандай өзгерістер жүзеге асырылады? Бұл өзгерістердің зейнеткерлерге тиімді жақтары қандай?*

– Қазіргі кезде зейнеткерлік жасқа жеткен ынтымақты жүйенің қатысушысы болып табылатын немесе жинақтаушы зейнетақы жүйесіне зейнетақы жарналарын аударатын адамдарға базалық зейнетақы олардың еңбек өтіліне және жалақысына қарамастан біркелкі мөлшерде тағайындалады. 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі жоқ және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатыспаған адамдарға жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы беріледі, оның мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50 пайызын құрайды.

Базалық зейнетақы берудің халықаралық тәжірибесін ескере отырып, зейнеткерлер арасында кедейліктің алдын алу және еңбекке қабілетті жастағы азаматтардың экономикалық белсенділігін оңтайландыру мақсатында 2017 жылғы 1 шілдеден бастап, базалық зейнетақыны азаматтар зейнеткерлік жасына жеткен кезде ғана, сондай-ақ зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты тағайындауға көшуді жүзеге асыру, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жылдан кем адамдар үшін ең төменгі күнкөріс шамасының 50 пайызы мөлшерінде әлеуметтік зейнетақы белгілеу, базалық зейнетақының мөлшерін 10 жылдан асқаннан кейін әрбір жылға 2 пайызға ұлғайту және қатысу өтілі 35 жыл және одан көп болса, ең төменгі күнкөріс деңгейінде белгілеу ұсынылады.

Ұсынылып отырған өзгерістер тек зейнеткерлер арасында кедейлікті төмендетуге ғана емес, сонымен қатар азаматтардың еңбек уәждемесін күшейтуге және еңбек қатынастарын заңдастыруға бағытталған. Олар қазіргі зейнеткерлердің де, сол сияқты болашақ зейнеткерлердің де мүдделеріне сай келеді.

Қазіргі зейнеткерлер үшін зейнетақымен қамсыздандырудың ынтымақты, сол сияқты жинақтаушы жүйелеріне қатысу өтілін ескере отырып, базалық зейнетақыны қайта есептеу жүргізілетін болады. Бұл еңбек өтілі көп болса да, зейнетке шыққан кезде табыстары туралы мәліметтердің, сондай-ақ заңнамалық тұрғыдан белгіленген шектеулердің болмауына байланысты төмен мөлшерде зейнетақы алатын зейнеткерлер үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыруға мүмкіндік береді.Ынтымақты жүйеден жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшкен кезеңде (2030 жылға дейін) зейнетке шығатын азаматтар үшін базалық зейнетақы: 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жинақталған еңбек өтілін ескере отырып, 1998 жылдан кейін жинақтаушы зейнетақы жүйесіне зейнетақы жарналарын төлеу кезеңінде тағайындалады.



Тек жинақтаушы зейнетақы және шартты-жинақтаушы құрамдауышқа қатысушылар зейнеткерлік жасқа жеткен кезде (2030 жылдан бастап) олардың зейнетақы төлемдерінің жиынтық мөлшері зейнетақының ең төменгі әлеуметтік қолайлы деңгейінен төмен болған жағдайда, олар үшін базалық зейнетақыдан ең төменгі кепілдік берілген зейнетақы тағайындауға өту жүзеге асырылатын болады.

Бұдан басқа, қазіргі зейнеткерлер үшін де, сол сияқты 1998 жылғы 1 қаңтарға кемінде 6 ай еңбек өтілі бар азаматтар үшін де ынтымақты зейнетақы төлемдері сақталады. Ынтымақты зейнетақыны тағайындау және төлеу базалық, шартты-жинақтаушы және жинақтаушы зейнетақымен қатар қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Өздерінің пайдасына жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен қызметкер табысының мөлшерінен есептелетін 5 пайыз міндетті зейнетақы жарналарын аударатын қызметкерлер шартты-жинақтаушы құрамдауышқа қатысушылар болып табылады. Шартты міндеттемелерді есепке алу БЖЗҚ-да ашылған жеке шоттарда жүргізіледі. Жинақтар шартты болып табылады, мұраға қалдырылмайды және жүйеге қатысушының меншігі болып табылмайды. Жарналар капиталдандырылады және қаржы құралдарына инвестицияланады, бұл ретте табыстылық инвестициялық қызметтің нәтижелеріне, сондай-ақ қаржы нарықтарының жай-күйіне байланысты қалыптасатын болады.

Зейнетақы төлемдеріне құқық басталатын ең төменгі өтіл 5 жылды құрайды. Төлемдер тек белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен кезде ғана жүзеге асырылады. Зейнетақы төлемдері өмір бойы жүзеге асырылады. Зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшері демографиялық құрамдас бөлікке және жүйенің қаржылық көрсеткіштеріне тәуелді болады.

Инфляция деңгейін ескере отырып, жарналардың сақталуы бойынша мемлекеттік кепілдіктер шартты-жинақтаушы құрамдауышқа қолданылмайды.

Сондықтан, 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналарына қосымша еңбекақы төлеу қорының 5 пайызы мөлшерінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) енгізілді.

Бұл ретте, жұмыс берушілер өндірістің тек зиянды түрлері бойынша және сонда жұмыс істейтін адамдарға ғана МКЗЖ аударуға тиіс.

*– Зейнетақы жүйесін жетілдіруде әлеуметтік қызмет көрсетудің саласын арттырудың маңызы ерекше. Осы орайда ақпараттық қызметтің жай-күйі туралы не айта аласыз?*

– Зейнетақы төлеу орталықтары бөлімшелерінде халыққа көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасы ақпараттық сүйемелдеумен тығыз байланысты. Соған халықтың хабардарлығын, қолжетімділігін кеңейту және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің ашықтығын қамтамасыз ету, қағазбасты құжат айналымын қысқарту және бюрократизмнің алдын-алу, әлеуметтік төлемақыларды іске асыру мен тағайындау үдерісін жеделдету, әлеуметтік саланы дамытудың мониторнингі мен болжамын жетілдіру, әлеуметтік қатерлерді басқару тиімділігін арттыру мен оңтайландыру тәуелді болады.

Бүгінгі күні зейнетақы, жәрдемақы және әлеуметтік сақтандырудың әлеуметтік төлемдерін тағайындаудың электронды форматта автоматтандырылған жүйесі қолданылады. Зейнетақы және жәрдемақы алушылардың электронды мұрағаты құрылуда.

Біздің салада ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану өз функцияларымызды автоматтандыруға және электронды қызметтерді дамытуға мүмкіндік берді. Жоғарыда атап өткендей «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы көрсетілетін қызметтің нәтижесі туралы ақпаратты алуды қарастыратын 7 электрондық мемлекеттік қызмет көрсетеді (тағайындалған жәрдемақының мөлшері, мүгедекке тағайындалған топтың түрі және т.б.). 2013 жылы электронды қызметтерге жүгінгендердің саны 3 млн.-нан астам, бұл 2012 жылы жүгінгендердің санынан 3,5 есеге артық. Соңғы 3 жылда осы тәсілмен қызмет алушылардың саны 1,7 есеге өсті.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету процестерін жетілдіру мақсатында Министрлік электрондық қызметтерді дамытуды жалғастыруда. Осылайша, ҚР Байланыс және ақпарат агенттігімен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп бизнес-процестерді оңтайландыру, ҚР Үкіметі бекіткен мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында халықтан талап етілетін құжаттардың санын қысқарту бойынша шамамен 14 Жоба іске асырылатын болады.

Жобаны іске асыруға байланысты ақпараттық жүйелерді жаңғырту қағазбасты құжат айналымын қысқартуға, нақты сәйкес шешімдерді қабылдау мен іске асыруды жеделдетуге мүмкіндік береді.

Азаматқа әлеуметтік төлемақыны тағайындау web-портал арқылы іске асырылатын болады. Тағайындалған қызметті көрсету тетігін жандандыру үшін, азаматтан тек жеке сәйкестендіру кодын (ЖСН) көрсету талап етіледі.

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігімен қызметтің 9 түрінің бірігуін қарастыратын электрондық композиттік қызметті енгізу бойынша дайындық жұмысы жүргізілетін болады.

Қазіргі күні азамат мүгедектігін тағайындау үшін алдымен Медициналық әлеуметтік сараптама комиссиясының (МӘС) қызметіне өтініш береді, одан әрі, мүгедектігін тағайындаған жағдайда – мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау үшін зейнетақы төлеу орталығына, одан кейін – арнаулы әлеуметтік қызметтерді немесе техникалық құралдарды алу үшін жергілікті атқарушы органдарға өтініш береді.

Оның орнына композиттік қызмет тек бір инстанцияға – МӘС қызметіне жүгіну мүмкіндігін береді. Егер мүгедектік берілген және ол Мүгедектердің орталықтандырылған деректер базасында тіркелген жағдайда оның құжаттары тиісті жәрдемақы тағайындау және әлеуметтік қызметті көрсету үшін автоматтандырылған режимде зейнетақы төлеу орталығына және жергілікті атқарушы органдарға түседі.

Сондай-ақ, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен ашықтылығын көтеру мақсатында 2014 жылы сатылы түрде зейнетақы төлеу орталығының барлық бөлімшелерінде видеобақылау жүйесін, сонымен қатар, Қызылорда қаласындағы бөлімшесінде электрондық кезек жүйесін енгізу жоспарланып отыр.

Қазақстанда зейнетақы жүйесін реформалаудың шешуші кезеңі басталды. Бұл өмірдің өзі алға тартқан қажеттілік болып табылады.

Әңгімелескен
**Жолдасбек АҚСАҚАЛҰЛЫ.**

САЛЫҚ

# БАНКРОТТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

**Заман ағымына сай нарықтық қатынастар ауқымы арта түсуде. Соған байланысты салық заңдылықтарын жетілдіре береді. Үстіміздегі жылы болған осындай өзгеріс туралы Қызылорда облысы бойынша салық департаментінің оңалту және банкроттау басқармасының басшысы Темірлан Қожаназаровтан айтып беруін сұраған едік.**

*– Темірлан Нұрланұлы, банкроттық және оңалту саласына байланысты жаңа Заң жөнінде қысқаша тоқтала өтсеңіз.*

– Үстіміздегі жылдың 7 наурызында жаңадан қабылданып, 26 наурызда күшіне енген «Оңалту және банкроттық туралы» Заңы, осы уақытқа дейін қолданыста болып келген 1997 жылдың 21 қаңтарындағы «Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңын алмастырды. Жаңа Заңмен көптеген жаңадан ұғымдар, нормалар енгізіліп, банкроттау және оңалту рәсімдері нақтыландырылды. Осы уақытқа дейін қолданыста болған Заңға сәйкес, уәкілетті органның құзырында болған іс-әрекеттер алдағы уақытта соттардың құзырына берілді.

Атап айтқанда, бұрынғы «конкурстық басқарушы» түсінігінің орнына жаңадан «әкімші», «уақытша әкімші», «банкроттық және оңалтуды басқарушы» сияқты жаңадан терминдер енгізілсе, бұрын уәкілетті орган құзырында болып келген әкімшіні тағайындау, банкроттық рәсімді ұзарту, қорытынды есепті бекіту сияқты іс-әрекеттер енді соттың құзырына берілді. Қабылданған Заңмен әкімшінің (оңалтуды және банкроттық басқарушылар) және уәкілетті органның құзіреттері мен құқықтары нақты белгіленіп берілген. Сонымен бірге, қабылданған Заңға сәйкес мүліктік массаны бөлудің кезектілігі де қайтадан қарастырылып, бұрын 4 кезекте болған салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектер енді 3 кезекте өтелетін болады.

*– Борышкер тұлғаны банкрот деп тану мерзімдерінде өзгерістер бар ма?*

– Оңалту немесе банкроттық рәсімін қолдану үшін сотқа жүгіну негіздері мен мерзімдеріне де біршама өзгерістер енгізілді. Қабылданған Заңға сәйкес салық берешегі бойынша салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредитор алдындағы міндеттемелері оларды орындау мерзімі басталған кезден бастап төрт ай ішінде орындалмау және республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген бір жүз елу айлық есептік көрсеткіштен кем емес соманы құрау керек. Қолданыста болған Заң нормаларына сәйкес, бұл мерзім үш айды құраған болатын. Сол сияқты, борышкерге төлем қабілетсіздігінің басталғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған кезден бастап алты ай ішінде өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгіну жөніндегі міндеттілігі жүктелген.

*– Ал, банкрот тұлғалар жайлы мағлұматты қайдан алуға болады?*

– Банкрот немесе оңалту рәсімін өтудегі тұлғалар бойынша қабылданған ұйғарым, сот шешімдерінің, кредиторлар талабының тізбесін де уәкілеті органның, яғни Қаржы министрлігі Салық комитетінің интернет-ресурсында жариялау тәртібі де белгіленіп отыр. Одан банкрот немесе оңалту рәсімінде жүрген тұлғалар жайлы толық мәліметті алуға болады.

*– Қолданыстағы заңнама нормаларына өзгерістер еніп, жаңадан Үкімет қаулылары да қабылданып жатыр емес пе?*

– «Оңалту және банкроттық туралы» Заңын қабылдаумен қатар, ҚР-ның «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне де әкімшілердің қолданыстағы заңнамаларды бұзу жағдайларына қатысты әкімшілік жауапкершілікке тартылуына қатысты өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, осы кодекске 155-1, 155-2, 155-3, 155-4, 155-5 баптары енгізілген. Әкімшілер тарапынан тиісті рәсімдерді ұсынбау, кредиторлар жиналысының өткізілу күні мен уақытын хабарламау, кредиторлар талаптар тізбесін қалыптастырмау, сату жоспарының тәртібін бұзу, қорытынды есепті ұсынбау және де басқалай әкімшілік құқық бұзушылық фактілері бойынша жауапкершіліктері қарастырылған. Бұнымен қатар, тиісті нормативтік актілер де қабылдануда, атап айтар болсақ, ҚР Үкіметінің 6 қаулысы мен Қаржы министрлігінің 6 бұйрығы қабылданып отыр.

*– Бүгінгі күнге, өңіріміз бойынша банкроттау процесінде қанша тұлға бар, олар бойынша да мағлұмат берсеңіз.*

– 2014 жылдың 1 шілдесіндегі жағдайға облыс бойынша банкроттау және оңалту процедурасына барлығы 124 тұлға тартылса, оның ішінде банкроттау процедурасына 103 тұлға, оңалту процедурасында 21 тұлға бар. Есепті кезеңде мекемелердің банкроттау процедурасын жүргізіп, қаржы-экономикалық жағдайын сауықтыру нәтижесінде бюджетке нақты 33 812,7 мың теңгенің түсімі қамтамасыз етілді.

Сонымен бірге, «Әдейі, жалған банкроттық пен банкроттық және оңалту кезіндегі заңсыз іс-қимылдардың алдын алу, айқындау және жолын кесу бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы туралы» ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі мен ҚР Қаржы министрінің Бірлескен бұйрығына сәйкес борышкерлердің қаржы-шаруашылық қызметін талдау нәтижелері бойынша банкроттық кезінде әдейі немесе жалған банкроттық және заңсыз іс-әрекет белгілерінің болуы туралы үстіміздегі жылдың І жартыжылдығында тоқсанында Қызылорда облысы бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментіне 6 арызы жолданды.

*– Әңгімеңізге рахмет!*

**Ыдырыс ТҰРЛЫҒҰЛОВ.**

## ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР



**Жапан түзде көкке қасқая біткен алып дарақ бар. Оған шыжыған аптап, дүлей дауыл әсте қорқынышты емес. Қандай сынақтарға да төтеп беріп, орны мызғымайды. Алыс сапардан титықтаған жолаушы тамырын тереңнен тартқан бәйтеректен сая табады. Өмір аталатын керуенде осынау бәйтеректей жандардың кездесетіні неткен ғанибет. Ондай адамдар тағдыр тезіне ешқашан мойымай, шарболаттай шиыға түседі. Бүгінгі кейіпкеріміз Қазалы ауданының құрметті азаматы, облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер Құлмырза Тілеуов туралы осылайша толғануға толық негіз бар.**

# АДАЛДЫҚТАН АЙНЫМАҒАН АРДАГЕР

Оның өмірдерегін шолып өтсеңіз, шытырман оқиғалы әдеби шығарма оқығандай күй кешесіз. Кітап демекші, Құлмырза Тілеуұлының қаламгер қауымына да жаттығы жоқ. Құлекеңнің ұшқыр ойынан өрілген Сырдың белгілі азаматы, ғалым досы Мұстафа Матаевпен бірлесіп жазған «Достарым менің, достарым» туындысына қоса «Өмірім-тағдырым», «Көргенім, білгенім, түйгенім» атты кітаптарын оқырмандар жақсы бағалады.

Әдетте, «Өткен күнде белгі жоқты» жиі қайталаймыз. Неге болмасын? Сонымен, Құлмырза атамыздың өмір жолынан үзінді келтірсек. Қазекеңнің «Болатын баланың бетін қақпа, белін бу» деген нақылы көпке мәлім. Бұл балдай тәтті балалық шақта сотқарлау өсіп, соңынан халық мойындаған тұлғаға айналған кешегі «атамандарға» байланысты айтылғаны хақ.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдар еді. Шыжыған шілде күні. Вокзал ғимаратының алды. Қатарларына қарағанда әлеуетті Құлмырза бірнеше досымен құқық қорғау орындарының қармағына ілінді. Бұларды қызыл жағалылар тәулік бойы қамақта ұстады. Ертеңіне «кінәлі» деп тауып, Қарағандыдағы ПЗО-ға балаларды алып бара жатқан составқа тиеп жіберсін. Бір-біріне жалғасып тұрған вагондардың іші өздеріндей өрендерге толы екен. Алуан ұлттың өкілдерін жолықтырасыз. Қаракөз қандастарымыз да баршылық. Эшелон Қарағандыға тура бір апта жүрді. Оларды моншаға түсіріп, ПЗО-ның арнайы киімін үлестірді де шахталарға бөлді. Сөйтіп, Құлмырзаның шахтадағы ауыр күндері басталды. Құдды тозақ дерсің. Тамақ аштан өлмейтіндей қылып беріледі. Көпшілігіне шалақұрсақ жүресің. Соның салдарынан асханада төбелес жиі болады. Мықтылар әлсіздің асын тартып ішеді. Мұнда күштілер ғана үстемдік құрады. Алайда Сырдың қайсар ұландары намысын таптатсын ба? Озбырларға топтасып қарсы тұрды. Небір жанжалдарды бастан кешірді. Көп ұзамай бұлар ебін тауып шахтадан қашып шықты. Жол-жөнекей көрген бейнет, тартқан азаптың шегі болмады. Көмір тиеген жүк пойызына жасырынып елге беттеген бозбалалар вагонның төбесінде отыруға дағдыланды. Бірде қорқынышты оқиғаны бастан кешірді. Келесі вагонның үстіндегі екі баланың қасына ересек жігіттің жақындағанын жанарлары шалған еді. Бейтаныс жан балалардың бірін бар пәрменімен теуіп кеп жіберсін. О, сұмдық. Байғұс бала жүйткіп келе жатқан пойыздың үстінен жанұшыра бақырып, домалап түсті. Пәрше-пәршесі шықты. Келесі сәтте бұлардың қасына жетіп келген жігіт әй-шәйға қарамай Мұхтарды құлаштап салып өтті. Шалт қимылдаған досы қарсы соққы бергенде бұзақы шыңғырған бойы составтың астына түсті. Екіге бөлінген дене көпке дейін түстеріне кіріп жүрді. Ақыры ауылға жетті. Көрген қиындық естерінде мәңгі сақталып қалды. Балалық шақтағы қателіктен қорытынды жасауға тырысты. Сауатсыз адамның күні қараңғы екенін ұқты. Қалайда білім алуды ұйғарды.

Табиғатынан намысқой Құлмырзаға тұрғыластарынан кейін қалу өліммен тең еді. Сол жігері алға сүйреді. Талмай ізденіп, Алматыдағы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтты бітірді. Еңбек жолын Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында бас зоотехник болудан бастады. Небәрі 27 жасында ірі кеңшарға директор болып тағайындалды. Мұнан кейінгі қызмет сатылары жалғаса берді. Қазалы, Тереңөзек аудандарында ауылшаруашылық басқармасы бастығының орынбасары, Мұстафа Шоқай, Жаңақұрылыс кеңшарында директор лауазымын атқарды. Қандай қызметте жүрсе де, өзіне көрсетілген сенімді ақтай білді. Еліміздің ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қайраткер атанды. Ширек ғасыр аудандық, екі мәрте облыстық кеңеске депутат болды. «Құрмет белгісі», «Октябрь революциясы» ордендері, көптеген медальдармен марапатталды.

Тағдыр оған Нұрбике сынды адал жар сыйлады. Екеуі жарты ғасырдан астам бір шаңырақтың астында ғұмыр кешті. «Үй болған соң ыдыс-аяқ сылдырамай тұрмайды» деген ұғым бұларға жат еді. Осынау мерзімде ренжіскен кездері болған емес. Бауырынан өрбіген ұл-қыздарынан екеуі 37 немере сүйді. Құлекең мен анамызды тек ажал ғана айырды. Бұл күні сексеннің сеңгіріндегі Құлмырза ақсақал отбасы, елі-жұрты, қала берді күллі адамзаттың бейбіт өмір сүруін шын ниетімен тілейді.

Біз болсақ, көкеміз жайлы әңгімемізді Мұратбаев ауылдық округінің әкімі Берік Бисембаевтың «Тәкеңнің ғибратты ғұмыры кейінгі ұрпақтарға үлгі-өнеге» деген лебізімен қорытындылауды жөн санадық.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Қазалы ауданы.

ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП...

# ТАУ БАУРАЙЫНДАҒЫ “БЕСАРЫҚТА”

## балалар демалады әрі ем алады

**Өткен аптаның жұмасында облыстық денсаулық сақтау басқармасы БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз турын ұйымдастырды. Мақсат, Жаңақорған ауданындағы тынығу лагерінде ашылған тіс емдеу кабинеті жұмысымен танысу және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында атқарылып жатқан іс-шараларды көрсету.**

Жаңақорған ауданы Бесарық ауылдық округінде орналасқан облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығының “Бесарық” тынығу лагері бүгінде керегесін кеңге жайған демалыс аймағы һәм оқу ордасы. Лагерь ауысым сайын 320 бала қабылдайды. Төрт корпусты, емхана, асханасы, би және спорт алаңы бар іргелі орталықта бүгінде әр ауданнан келген 300-ге жуық бала демалып жатыр.

Өткен жылдың қазан айынан бастап облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығы өз жұмысын жыл бойы жүргізуге көшті. Оның базасында мектеп бітірушілерге «Алтын белгіге”, ”Үздік аттестатқа” үміткерлерге дайындық, оқу курстары ұйымдастырылып келеді.

Көңіл көзін ашып қараған жанға керек нәрсенің бәрі осында. Тәнге рахат, дертке дауа сыйлайтын көк майсасы, тұнық ауасы, мөлдір бұлағы, саялы ағашы, қасқабағына қарайтын тәрбиешілері, 4 мезгіл тамағы және балаларға арналған түрлі көңіл көтеру шаралары. Мұның барлығы лагерь әкімшілігінің жайлы ахуал құрып, тиімді ұйымдастыра білгені екені көрініп тұр.

Орталыққа арнайы келген тіс маманы мен облыстық денсаулық сақтау басқармасының бас психологы, облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының суициолог-психологы тынығу лагеріндегі емхана жұмысымен танысып, жауапты қызметкерлермен және жеткіншектермен тілдесті.

Мұнда облыстық тіс емдеу емханасы оқушылар арасында стоматологиялық аурулардың алдын алу және дер кезінде ем көрсету мақсатында тіс кабинетін жасақтап қойған.

– Балалардың жазғы демалысында тіс аурулары мазаламас үшін біз арнайы тіс кабинетін ашып қойдық. Кабинетте тіс емдеу, жұлу, алдын алу шараларына қажетті медициналық жабдықтардың барлығы бар. Тіпті, тісті тұтастай жақ сүйегімен қоса түсіретін компьютер де бар. Ол арқылы қай тістің сау, қайсысы тіс жегіден зардап шеккенін, қайсысын емдеу, қайсысын жұлу керектігін нақты білуге болады – дейді, облыстық тіс емдеу емханасы алдын-алу бөлімінің меңгерушісі Пернегүл Алибекова.

“Саламатты Қазақстан 2011-2015” жылдарға арналған бағдарламасы бойынша былтыр денсаулық сақтау басқармасына қарасты облыстық тіс емдеу емханасы құрылған еді. Заманауи құрылғылары бар 7 аймақтық емхана мен 2 қала мектебінде стоматологиялық кабинеттер ашылып, кезең-кезеңімен тұрғындарға түрлі қызметтерін ұсынып келеді. Мәселен, бірінші кезекте жүкті әйелдерді міндетті тіс еміне, 7 жасқа дейінгі бүлдіршіндерді және жасөспірімдер мен зейнеткерлерге тегін қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, жазғы 3 айлық оқушылар демалысында 6 аудандағы балалар тынығу лагері мен қаламыздағы “Сырдария” лагерінде стоматологиялық кабинеттер жасақталған. Соның бірі “Бесарық” тынығу орталығында орын тепкен.

Деннің саулығы тіске тікелей байланысты. Көбіміз «32 тістің қадірін қақсағанда ғана білеміз». Тіс саулығы, ауыз қуысының амандығы елеусіз қалдыратын мәселе емес. Жеткіншектердің тіс саулығына аса көңіл бөліп, күтіне білуге үйреткен мамандар стоматологиялық кабинеттің жұмысына да жоғары баға берді.

Қоғам қарауына қарамайтын суицид деген тажал бар. Соңғы кезде жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсау жағдайлары белең алғандығы алаңдатады. Салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу жолында облыстық денсаулық сақтау басқармасы да, салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы да аянып қалып жатқан жоқ.

Жастар арасында өз денсаулығына азаматтық жауапкершілігін арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында облыстық салауатты өмір салты орталығының жанынан ашылған “Мейірім” жастар денсаулық орталығының және “Темекіге қарсы бөлме” мамандарының бірлесуімен және “Шапағат”, “Үміт” жастар денсаулық орталықтары көптеген тақырыптарда акция, семинар, тренинг, кездесулер, сайыстар өткізіп тұрады. Өткен жылы жастар арасында 420 іс-шара өткізілген. Сонымен қатар, 8 800 080 22 26 арнайы тегін желі қызметі жұмыс істейді.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

# ТАРИХИ МҰРАЛАРЫМЫЗ ЮНЕСКО ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛМЕК

**Әділжан ҮМБЕТ**

Жұмыр жердің бетінде сан алуан ғажайыпты көруге әбден болады. Кейбірі адам қолымен жасалған. Ендігісін табиғаттың өзі ерекшелеген. Әйтеуір, адамзат баласы үшін бағалы байлықтың бірі болып табылады. Дүниежүзіндегі дүйім ел сол игіліктерді тамашалауға әуес. Десе де ол мәдени мұралар талай қиындықты бастан өткізді. Тіпті, түрлі себептермен жер бетінен жоғалып кеткені де бар. Оған түрлі себептер баршылық. Оларды сақтап қалуға кезінде адам санасы жетпеді. Сан алуан соғыстар олардың еріксізден қирап, жермен-жексен болуына алып келді. Сондай-ақ, түрлі тосын әрекеттер де олардың көзден ғайып болуына итермеледі. Қазіргі таңда олардың кейбірінің атын естіп, тарихшылар сол ескерткіштер жайында артында жазып қалдырғаны болмаса, ондай мәдени мұралардың орнын да таба алмай қалып жатқанымыз жасырын емес.



Адамзат санасы жетіліп, мәдениет саласының өрісі кеңей бастаған шақтан бұл мәселе басты тақырыпқа айналды. Осының нәтижесінде сан алуан ұйымдар құрылып, бұл тұрғыда нәтижелі жұмыстар жүргізе бастады. Қазір жер-жаһандағы жұрт ЮНЕСКО аталатын ұйымды жақсы біледі. Бұл құрылым Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет салалары бойынша жұмыс атқарады. 1945 жылы 16 қарашада Европаның қақ төріндегі Францияның бас ордасы – Париж қаласында құрылған ұйымның құрамына әлемнің түкпір-түкпірінде орын тепкен 70-ке жуық бюро мен бөлімше кіреді. Оның қаулысы сол жылы Лондонда өткен конференцияда қабылданып, арада жыл өткенде көптеген мемлекеттердің сол қаулыға қол қоюымен бекітілді. Соның нәтижесінде 20-дан астам мемлекет актілерін сақтауға өткізгеннен кейін күшіне енген. ЮНЕСКО 1975 жылы бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраларды қолдау жөніндегі конвенцияны өмірге енгізді. Бүгінгі таңда бұл конвенция әлемнің 190-ға жуық мемлекетінде бекітіліп отырған жайы бар. Қазақстан өз алдына жеке мемлекет болып, тәуелсіз ел атанғаннан кейін ЮНЕСКО құрамына қабылданды. Бұл 1992 жылдың 22 мамыры болатын. Кең-байтақ қазақ жерінде сан алуан мәдени және табиғи ескерткіштер саны аз емес. Оның кейбірін әлі күнге дейін өзіміз де толық тани алмай келеміз.

Сондай жобаларды ЮНЕСКО үйлестіріп отырады. Өкінішке қарай, бүгінгі күнге дейін біздің елімізден ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне бар-жоғы үш-ақ табиғи және мәдени ескерткіш енгізілген. Олардың қатарында Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Тамғалы петроглиф тас кешені, Сарыарқа-Солтүстік Қазақстан даласы мен көлдері бар. Сонымен қатар, біздің елімізден әлемдік мұралар тізіміне үміткер нысандар тізімі аз емес. Мәселен, талайды таңғалдырған Мерке түрік ордасы үміткерлер қатарына 1998 жылы қосылған. Сол жылдарда Бегазы-Дәндібай мәдени ескерткіштері, Тасмола мәдениетінің қорғандары мен тас құрылыстары, Ешкіөлмес петроглифтері, Арпа-Өзен петроглифтері, Қаратау жотасының палеолиттік нысандары мен геоморфологиясы, Отырар оазисінің археологиялық нысандары, Ұлытау мәдени ландшафты сол қатарға қосылды. Ал 2002 жылы Солтүстік Тянь-Шань (Іле Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі), «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Ақсу-Жабағылы қорығы сол үміткер мұралар тізіміне қосылса, осыдан төрт жылдай Батыс Тянь-Шань да сондай мәні зор табиғи ескерткіштер қатарында санала бастады. Ал 2012 жылы батыс пен шығыстың арасын жалғаған Жібек жолын біздің ғалымдар тарихи мәні ерекше мұралар тізіміне қосуға ниет білдірді. Былтыр Қызылорда облысындағы Қорқыт ата кешенінде солардың қатарына қосуға өтініш жасалған. Алдағы уақытта олардың қатарын оғыздардың ордасы – Жанкент пен Ақорданың бас шаһарына айналған Сығанақ қалашықтары толықтыруы мүмкін.

Ашығын айтайық, күні бүгінге дейін сол мұраларды сақтау бағытында көптеген олқылықтар орын алып келгені жасырын емес. Біздің түп-тамырымызды таразылап беретін талай қалашықтарды көрінген көк атты келіп зерттеп, қазақ халқы үшін маңызды дүниелер тістегеннің аузында, көрінгеннің қолында кеткені рас.

Бүгінгі таңда ешкімге кіріптар емеспіз. Ойлаған ісімізді ешкіммен ақылдаспай-ақ өзіміз реттей алатын мүмкіндік туды. Өткенімізді өшірмеуге бірден-бір дәнекер тарихи дүниелер көзден таса қалып қоймаса деген тілегіміз бар. Әйтпесе, кейінгі ұрпаққа қандай дүниелерді көрсетеміз? Даңғайыр даланың сан алуан ескерткіштері мол емес пе? Алайда оларға қырын қарап, ескерткіштер ескерусіз қалып жатса, олардың да жермен-жексен жойылып кетпесіне кім кепіл? Шындығын айтқанда, бізге әзірге жетпей жүрген мәселелер осыған саяды. Ұлан-ғайыр даламызда жатқан ескерткіштер біздің еңсемізді өзгелер алдында еңселі етері сөзсіз. Сондықтан түпсіз терең тарихтың бір бөлшегіне айналған мәдени мұралар көзден таса қалып қоймаса игі.



Сыр даласында қаншама тарихи мұра бар. Қазақ жерінің оңтүстік өңірінде орын тепкен өлкенің топырағын түртіп қалсаңыз, сан алуан мұралар жайында мол мағлұмат алуға әбден болады. Бұл жергілікті аймақтың қазақ тарихында алатын орны ерекше екенін тағы бір мәрте аңғартып, түпсіз терең тарихтың төріне қарай тарта түседі. Ұлт өміріндегі әрбір шежіренің түп-төркінін зерделеп көрсеңіз, сол оқиғаға қатысты деректер дария бойынан молынан табыла кетеді. Соның бірі – түбі бір түркінің ортақ абызына айналған Қорқыт атаның ескерткіші облыс аумағында жатыр. Одан арғы және бергі тарихта да сан алуан құнды жәдігерлер осы аумақтан кезігеді. Дария бойында көптеген шаһарлар орын тепсе, қарт Қаратаудың соңғы сілемдері жеткен облыс аумағында да сан алуан ескерткіштер орналасқан. Дегенмен, осыған қарамастан солардың зерттелуі жағынан кемшін тұстарымыз әлі де көп. Жалпы, бұл бағытта елімізде арнайы «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданған.

Ғалымдар Сыр жерінде 1000-ға жуық тарихи-мәдени ескерткіштердің бар екенін айтады. Мұндай мол ескерткіш еліміздің өзге өңірлерінде кездесе бермейді. Өкінішке қарай, қайсыбір жылдарда соның ішінде кейбіріне ғана ғалымдар зерттеу жүргізе алса, қалғаны сол күйінше жұмбақ болып қалған. Зерттеушілер сол орындарға арнайы ат басын бұрып, бірқатар мәліметтерді жинақтағанымен, одан кейін ол орындарда ешқандай жұмыстар жүзеге аса қойған жоқ екен. Рас, кезінде саны аздау ұлттардың тарихына мұрын шүйіріп, оларды халықтың жадынан өшіруге құлықты болған большевиктер аталмыш жәдігерлердің жермен-жексен қирауын қалағаны жасырын емес. Соған қарамастан, қаншама құнды дүниелердің бүгінгі күнге дейін жетіп отырғаны көңілге медеу. Ендігі кезекте соларды жаңғыртып, бабалардың бүгінгі ұрпаққа аманатына адалдық таныту біздің парызымыз болса керек-ті.



Түркі жұрты Қорқыт атаны ортақ тұлғамыз деп санайды. Аты аңызға айналған абыздың осы топырақта кіндігі кесіліп, пәни мен бақи арасындағы өмір жолдары өрілгенін, мәңгілік мекенін де осы жерден тапқанын бәріміз де білеміз. Өзінің түп-төркініне үңіліп жүрген түркі баласы Қызылорда жеріне арнайы ат шалдырып, абыз бабаның басындағы ескерткішке тағзым жасап қайтуға құлықты екенін талай мәрте көзіміз көріп жүр. Осыған орай, аталмыш мәдени ескерткішті туризм аймағына айналдыру жоспарланып отыр. Қазіргі таңда осы мақсатта тиісті жұмыстар қолға алынып жатыр. Сондай-ақ, Қорқыт ата кешенін қайта жаңғырту шаралары жүзеге асады деп күтілуде. Жоба екі кезеңге жобаланған. Жақында кешен аумағында зиярат ету орталығы түсауын кескен.

Жалпы алғанда, тарихи орындарды туризм инфрақұрылымына енгізу арқылы әлемдегі туризм индустриясының негізі қаланды. Сол себепті аталмыш бағытта жүйелі іс-шараларды қолға алу негізгі мақсаттың біріне айналып отырған жайы бар. 2017 жылы Астана қаласында өткізілетін ЭКСПО халықаралық көрмесіне келетін туристер Байқоңыр ғарыш айлағы аумағымен де танысады.



Қызылорда қаласында өткізілген облыс әкімі жанындағы тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңеске бірқатар жобалар ұсынылған еді. Сөз орайында айтқанымыздай, Сыр өңірі әлі де тыңғылықты зерттеуді қажет етеді. Бұл жөнінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Мадияр Елеуов өз ой-пікірін білдірді. Ол кісі Қызылорда өңірінде көптеген тарихи ескерткіштер әлі де көзден таса қалып қойып жатқанын айтты. Оларды зерделеп көрсек, бүгінгі күні бізге жұмбақ болып жүрген жайлардың беті ашылады деген үміт бар. Өкінішке қарай, түрлі-түрлі себептермен олардың тарихы зерттеліп, бүгінгі күнге дейін өз бағасын ала алмай келеді. Әйтпесе, олардың әрбірінің қазақ тарихы мен өмірінде айрықша орын аларлықтай мәртебесі бар. Соңғы бір ғасырға жуық аралықта Сыр өңірі ғалымдардың назарынан тыс қалып қойды деуге негіз бар. Өте аз деңгейде зерттелді. Соның салдарынан кейбір ескерткіштер жайында әлі күнге дейін нақты жауаптар айтылмай келеді. Атап айтқанда, Қызылқұм, Қуаңдария, Жаңадария мен ескі дарияның аумағы, Арал теңізінің табаны енді-енді ғана қолға алына бастады Сонымен қатар, Қаратаудың бөктері, Бетпақдала және Сыр бойының Ақтөбе облысымен шектесетін аймақтары мүлдем зерттелмей отыр десек те артық емес. Қазба жұмыстары саусақпен санап аларлық санаулы қалаларда ғана жүргізілді.

Қазақстанның халық жазушысы Олжас Сүлейменов Қызылорда түркология ғылымының қайта жаңғырту орталығы болуға әбден лайық екенін тілге тиек етті. Осы орайдағы түркологтардың басын қосу жобасы өте орынды ұсыныс болып отыр. Оны адамзат баласына аса қажет түркология ғылымының өркендеуіне алтын баспалдақ болады деген сенім бар.

Ғалымдар табылған заттарды алғашқы күйінен өңдейтін зертханалар тапшы екенін айтады. Сондықтан жергілікті Қорқыт ата атындағы университет базасы негізінде археологиялық-технологиялық зертхана ашу ойластырылуда. Зертханаға қажетті құрылғылар жеткізілсе, онымен жұмыс жасай білетін археолог және химик мамандар саны аз емес екен.

Бағзы заманда ұлан-байтақ даламызды қоныс етіп, алты Алаш атанған, түбі бір түркілер құрмет көрсеткен Қорқыт ата ескерткіші тек Сыр өңіріндегі ғана емес, еліміздегі айтулы мәдени орынның бірі саналады. Бүгінгі таңда көз тартарлық сәулетті ғимарат осыдан 30 жылдай бұрын көпшіліктің көзайымына айналған еді.

Бүкіләлемдік мұралар адамзат баласының және табиғаттың қайталанбас туындысы болып табылады. ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар комитеті жыл сайын сессия өткізеді. Соның барысында жаңадан ұсынылған мұралар тізімге алынады. Жалпы алғанда, Шығыс пен Батыстың арасында алтын арқау болған Ұлы Жібек жолының адамзат өркениетінде алатын орны ерекше. Бұл орайда Қазақстан бойынша төрт бағытта зерттеу шаралары қолға алынған. Олар Жетісу, Сырдария, Сарыарқа және Маңғыстау аймақтарын қамтиды. Бүгінгі күнге дейін ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралары қатарына 911 нысан кірген екен. Оның ішінде Орталық Азия аймағында Қырғызстан мен Тәжікстаннан басқа елдерден 12 мәдени мұра енгізілген. Жалпы, Сырдария аймағындағы Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Жуантөбе, Қараспантөбе, Бөріжары, Сауран, Сығанақ, Жаңақала, Шірік-Рабат, Бәбіш-молда, Баланды секілді тарихи орындар бар екенін айта кету лазым.

Ғалымдардың айтуынша, Сыр бойы – тарихи мұраларға өте бай өлке. Десе де, бүгінгі күнге дейін сол мәдени мұраларға ғылыми негізде зерделі зерттеу жүргізілмей келгені жасырын емес. Соның салдарынан қаншама мұрамыз толыққанды бағасын алмай, әлі күнге дейін ғылыми тұрғыда зерделене қоймағаны белгілі. Кезінде түркі жұртының атамекеніне айналған өңірде қаншама көне шаһарлар, мәдени-тарихи ескерткіштер және өзге де құндылықтар болды. Кейбірі замана ағымымен көзден ғайып болса, ендігі бірінің жұрнақтары бүгінгі заманға дейін жетіп отыр. Біз өткенімізді бағалай білсек, осындай құндылықты қастерлеп, оларға қамқорлық көрсете отырып, тиянақты жұмыс жүргізгеніміз артықтық етпейді.

ӘҢГІМЕ

# ҚАРА КЕМПІРДІҢ ҰЛЫ МЕН КЕЛІНІ



**Айжарық СӘДІБЕКҰЛЫ.**

Әбіләзи жасынан қалжыңбас болып өсті. Қағытпа сөзге кеткен. Жүрген жерін күлкіге көміп жүргені. Үйде де сол, қайдағыны тауып айтқыш әзір-жауап. Анасы: «Жасында қалжыңбас болсаң, картайғанда мылжыңбас боласың» деп ескертсе де қоймайды. Қоралы жаннан шаңыраққа ие болып қалған екеуі – шешесі мен өзі. Іші пысып еріккенде «тиісетіні» осы қолтоқпақтай қара кемпір. Өңі көмір түстес болғандықтан шешесіне «Африканка» деп ат қойып алған.

Күн бүгін жексенбі еді. Әбіләзидің жақсы көретін күні. «Категория жизни» деген кітапты түннің бір уағына дейін оқимын деп кеш тұрған. Күнде таңмен талас тұрып ағыл-тегіл терлегенше жүгіретін. Таңертеңгілік жаттығуды содан кейін жасайтын. Ұйқыдан кеш оянғандықтан бүгін жүгірген жоқ. Бірден жаттығуға кірісken.

Іште дастарханын жайып, сары самаурынды ызылдатып анасы күтіп отыр. Түнемелік қарбытқан тағамның шөлі болады. Көзкөргендер «Қара кемпір» атандырған Мәйеш шайқор. Бір самаурынның суын бір өзі сарқуға бар. Ал баласы шайға жоқ, пиаласын анасына мықтағанда үш-төрт рет ұсынады. Соныmен болды. Дегенде, кейбіреулердей бетін бір сипап тұрып кетпейді. Шешесі шайға әбден қанып, көңілін бірлегенше көз алдында әрнені бір айтып жайрандап отырады. (Шамасы шешесінің көңілін аулау үшін әдейі сүйітетін болуы керек).

Мәйеш баласының қалжыңына кейде күліп мәз болады, кейде әңгімелері жарaспай тәжікелесіп те қалады. Бұл үйдің демалыс күнгі тіршілік тынысы көбіне осылай басталады. Былайғы күндері Әбіләзи таңертеңгі шайға қарамайды. Мектебіне асығады.

Әдеттегідей бұл жолы да:

– Африканка, как дела? – деп дастархан шетіне жайғасты.

– Келін болмағасын дела қайдан дела болады...

– Ой, қандай контрас. Ақ дастархан, қара кемпір, сары самаурын, қызарып піскен бауырсақ. Тағы не? Қолдың сары майы. Апа, сенің осы сары майың бар-ау, маған майдай жағады. Жүрегіме тимейді. Керемет!

– Сөзді қой. Мені қашанғы алдарқата бересің. «Бір аяғы жерде, бір аяғы көрде» дегендей, қойдың жасындай жасым қалды. Бір шүйкебасты қашан әкелесің? Қайратты-ақ едім, қашанғы болсын, шалдығайын дедім. Осы күні аяғымның тамыры тартылып қала беретін болып жүр.

– Жаңақорғанның тұзды балшығына апарайын. Емдел.

– Емдел дейсің, мына үйге, малға кім қарайды? Бір шүйкебас болса, бір сәрі...

– Апа, сенің арманың бір шүйкебас екен. Ербитіп оны қайтем. Менімен ойнама, Африканка. Мен мынауский қыз аламын, білдің бе? – деп Әбіләзи оң қолының төрт саусағын бүгіп, бас бармағын шошайтты. – Шөпжелкелерді Айгара алсын, – деп өзіндей бойдақ құрдасына бере салды.

– Сол мынаускиіңді енді қашан әкелесің?

– Қолым тимей, табаным тартпай жүр ғой...

– Сен осы кімге ұсағансың? Өлуге қолы тимей жүрген шешеңді әрі итеріп, бері жығасың да отырасың...

– Қызық, кімге ұсағанымды мен қайдан біледі екем. Апа, өзің айтшы, мен осы кімге ұсадым, а? Қарап жүргенше біле жүрейін.

– Қой, әрі оттамай. Сопа басың сандалып жүргеніңе қарағанда, итке ұсаған шығарсың. Осы ма менен естейін дегенің? Қатынды мен үшін алма, өзің үшін ал. Осы жаз қолыма бір шөпжелкені ұстатпадың бар ғой, бесеуі бес елге пенде болып кеткен ана апаларыңның біріне кетіп қаламын, білдің бе? (Бұл енді баласын қорқытқандағысы). Жүр сосын кірің жуылмай азып-тозып. Ө несі-әй, түге...

– Қыздарыңа кететін болсаң тіптен жақсы. Бәрін айт та, бірін айт, емін-еркін сайран салып жүргенді айт. Иә, апа?

– Я, жетісерсің...

– Апа деймін-ау, маған бір ой келіп жүргені.

– Ол не деген ой?

– Ішіме симай жүрген ой. Үйленіп керегі не деймін де. Құдайақына. Өзің ойлашы, үйленсем мойныма құрық түседі. Сосын біткенім ғой. Ол сосын қарап жүре ме, қыңқылдап жүріп жүкті болады. Сосын қайтеді, ыңқылдап жүріп бала туады. Тағы туады. Туа береді, туа береді. Шөпжелке, шүйкебас дегендер сондай ғой, апа. Жұрттан да, әкіметтен де ұялмайды. Сосын жүргенім ғой батпан бейнетке батып. Бала-шағаны қалай асыраймын деп. Жоқ, онан да сыбай салтаң жүргенім жақсы емес пе, иә, апа?

Осының бәрін шешесін сөйлетпекке айтып отыр.

– Құрсын, құрсын, – деп күрсінді қара кемпір. – Сен, балам, осының бәрін табылған ақыл деп шынымен айтып отырсың ба?

– Иә, шыным, апа.

– Оқуыңды бітіріп аузыма нан салғаныңа биыл бес жыл болды. Қатарыңның бәрі аяқтанып үлгірді. Алды шешелеріне немере сүйгізді. Ал менің отырысым мынау, бір бәлекейге зар болып. Асылы, жігіттің нашары Айгара екеуің болдыңдар-ау. Қу тізелеріңді құшып қашанғы жүресіңдер, ел-жұрттан ұялмайсыңдар ма?

– Ұялғанда қайтеміз, қыздар қарамаса...

– Әй, онда бар ғой, көңілің соққан бір қызды сыртынан көрсетші. Қуда түсейін. Маған қызын бермейтін қандай жұрт екенін көріп алайын сосын.

– Жаманға кім қызын беруші еді.

– Кім жаман?

– Мына мен, ұлың. Жаңа ғана өзің айттың ғой, нашарсың деп.

Мәйеш амалы таусылып:

– Саған сөз шақ келмейтін шығар. Саған айттым не, айтпадым не? Құр далаға айтқанмен бірдей... – деп қатуланып сілкінді. Әбіләзи күліп:

– Әй, апам-ай менің! Африканкам-ай менің! – деп шешесін екі бетінен алмакезек сүйіп-сүйіп алды да, телевизорға дем берді. Дегендей бір шоғыр қыз үкілері желкілдеп билеп жүр екен. Әдемі-ақ! Бірінен бірі өткен сұлу, билері де, өздері де көзді қызықтырады. Құйқылжыған әсем қоңыр күй сарыны шалқи түсті.

Мәйеш:

– Адам-ай, осылардың басыбайлы байлары бар ма екен? – деп баласына қарады.

– Ылғида осы, көйлектері көлеңдеп билейді де жүреді. Өйістіп жүріп байсыз қалмаса болғаны ғой, пәтшағарлар...

– Ой, апа-ай, қызықсың-ау...

– Өздерін біздің жаққа да жіберіп алмайды-ау, ә!

– Ал жіберді, неғылар едің?

– Біреуін қазыққа байлап алып қалар едім.

– Көнеді деген.

– Неге көнбейді? Үйде де телебезір бар ғой, келсін де билей берсін.

– Ай, апа. Көзі жоқ әулиесің-ау...

– Апаламай-ақ қой. Қатынды мен өлгесін аларсың. Шешесінің көзі тірісінде аяқтанбай, көзі кеткесін үйленіп, байғұс қара кемпірді өлтіре алмай жүр екен ғой деп күллі көшеге күлкі бол сосын... – деп Мәйеш қыжым шапанын бүркеніп, теріс қарап жатып қалды.

Бұл енді ұлына өкпелегені.

Үйдің іші тым-тырыс. Қолында «Категория жизни» деген кітап, Әбіләзи сыртқа шығуға ыңғайлана берген. Шешесі қыжым шапанының астынан: «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген. Менің көзім жұмылуын күтіп жүрген шығар...» деп күңкілдеп жатыр. Әбіләзи күліп:

– Африканка, құр босқа жатып алғаның не? Басың ауырады ғой, – деді не дер екен деп.

– Жынымды келтірме. Осы жатқаным жатқан, – деді зекіп. Артынша шапанын серпіп жіберіп:

– Неғып тұрсың селтиіп. Бар, баратын жеріңе, – деді дауысы құмығып.

– Апа, келініңді осы қазір бұрымынан сүйреп әкелсем бе екен деп ойланып тұрғаным.

– Әй, қасқа бала, немене, ен салып қойғаның бар ма еді?

– Бары бар ғой.

– Не дейді ойбай-ау?! Олай болса неменеге созбақтап жүрсің, а?

– Әне үйленбейін десем де ойбай, үйленейін десем де ойбай. Соншама не болды?

– Ойбайламай қайтейін...

– Ал мен кеттім, Африканка!

– Қайда жаным-ау?

– Келін әкелуге. Қандайынан әкелсем екен, ә? Орыстан ба, кәрістен бе, жоқ, әлде хакастан, африканкадан, татардан, чукчадан...

– Ойбай, шүршіттен болса да бір бәлекейді әкеліп кіргізші, менің жаным тыныш тапсын десең.

Мәйеш енді жата алмады. «Ап, пірім-ау!» – деп бір-екі ұмтылып тұрды төсегінен, тізелері сықырлап. Жиналмай қалған дастарханды жинастырып болғасын тысқа шықса, «келінді тап қазір бұрымынан сүйреп әкелемін» деген ұлы көлеңкеде қаннен қаперсіз кітап оқып отыр. Кемпір үйге үндемей ғана қайта кіріп кетті. Сосын қыжым шапанын тарс бүркеніп жатып алды, теріс қарап.

***

Әбіләзи жазғы каникулға шығуына ойға алып жүрген шаруасына құмбыл кірісіп кетті. Жұмысты ә дегенде үйінің іші-сыртындағы сылақтарын қырып түсіріп, жаңадан сылап әктеуден бастады. Оны болғасын еденді, есіктер мен терезе жақтауларын, босаға-табалдырыққа дейін қалдырмай қызыл-қоңыр бояумен сырлады. Лакпен майлап жарқыратты. Шарбақты, қақпаны қою көк бояумен көркейтті. Қора-қопсыны жөндеп, ауланы тазартты. Бәрін болып қараса, үйі, қора жайы көктен түскендей жаңарып, ажарланып қалыпты.

«Молодец, Африканканың ұлы! – деді өзіне өзі. – Енді бір бойыңды жазып қыдыруыңа болады».

Ол өзіне өзі солай десе, қайным деп үйірсектеп, ойнақылана қылмыңдап жүретін көрші үйдің келіні Мәйешті жағалады: – Әже-е, әжеші-і, балаңыз осы жаз аяқтанады-ау шамасы, қимылына қарағанда... – деп жетіп келді.

– Айтқаның келсін, қарағым. Замандасың ғой, өзінен сыр тартып көрмедің бе?

– Сыр тартып көрейін десем, қашқақтайды. Білгені – ішінде... өзін аyыздандырып жеңгелік парызымнан құтылсам ба деп едім...

– Өш, құрсын! О не дегенің? Ыдысың қосағына құт болсын.

– Ойнап айтам, әже.

– Қоя ғой, бейбақ. Байың барда етегіңмен ойнаймын деп ойының осылып жүрмесін...

– Құдай сақтасын, әже. Жәй әншейін қалжыңым ғой.

Басы байлаулы болғанымен бұл бар болғырдың діңкесі құрып жүр. Тәттіқұмар кезі, келсең келден кет әрі емес. Құр аттай құлшынған жігіттен дәмелі. Оның сымбаты мен қайратына қызығады. Теледизор көріп немесе газет-журналға шұғылып оңаша отыратын сәттерін кәдімгідей аңдып жүргені. Сондайда буы ыстық бойдақтың басын айналдырып бағыдыақ. Бірақ жігіт иілікпейді. Өзіне ынтызар керімнің ынтығын әзілмен бәсеңдеткен болады. Былайда қалжыңбас жігіт айта алмасын ба, қырғын анекдоттармен ішек-сілесін қатыра күлдіріп есін алады. Қимасы бөрітіп жүрген пәтшағардан сөйтіп құтылады. Ол да есесін жібермей бағады. Кейде Әбіләзиге үй шаруасына қолғабыс тигізуін өтінетіні бар. Сондайда әзілдеген болып: «Кіндігің жылыға тисін» дейді демі дірілдеп, алабұртып. Қолғабыс еткені үшін айтқан алғысы – ішкі тілегі. Әбіләзи оның ойынан шығып тілегін жандыруға «көрші ақысы – Тәңір ақысы» деген киелі киеден сескеніп тартына-ды.

Араларынан қыл өтпейтін бұл екі үй Әбіләзидің бала кезінен көршілес болатын. Шешесінің бастасы Шабыл шал мен кемпірі Әтиманың бір баласындай болып кеткені қашан. Олар да бұны туған ұлынан кем көрмейді. Ардан аттай салуға көңіл қошынның сокпайтын бір себебі сол.

Әтиманың келіні:

– Ой, әже-ай, балаңыз қандай қызды жетелеп келер екен... – деп күрсінді.

– Қайдам, қарағым. Алла бір иманжүзді балаға жолықтырғай да деген ақ тілектің үстінде жүрмін ғой, – деп қара кемпір де күрсінді.

10-бет

Содан, бокс қапшығын күні-түні төмпештеумен жүрген Әбіләзи бір күні аяқ астынан жоқ болып кетті. Әне келер, міне келер деумен иманын айтып зәресі қалмаған қара кемпірге ас батпады. Солай алаңжарлы болып қобалжып жүргенінде ұлы телефонмен хабарлассын. Ташкент кетіпті. Шешесі аң-таң. Қашан қайтасың деуге ғана шамасы жетті. Баласы әзір осында жүре тұрамын деді. Бұл: «Саған не дейін, аман болсаң болар...» – деп іркіліп қалды.

Содан, тағы бір жеті өткен шамада ұлы тағы да телефон шалып, шешесінің амандығын білді. Бұл жолы Самарқаннан хабарласты. Фердғана, Бұқара, Үргеніш барған. Амандығын білдіргенімен неғып қиырда жүрген мән-жайын айтайын демейді. Ал шеше байғұс баласының бұл жүрісінің не жүріс екенін білмей шерменде.

Қырғын қыздан тек бір қызды, сонша жігіттен тек бір жігітті ұнатқан екеуі осы жаз қосылуға уағдаласқан еді. Бір-бірін ес біле бастағаннан білетін. Бір мектепте оқыды. Бала екі класс ілгері, қыз екі жыл кейін. Бір-біріне қаршадай кездерінен ынтыққан. Баяғы Қозы менен Баяндай. Сегізіншіні бітірген жазда қыздың үйі облыс орталығына көшті. Бұл мектепті бітіруіне дене мәдениеті институтына, ал қыз дәрігерлік оқуға түсіп, екеуі бір қалада оқып жүрді.

Жігіт оқуын жеріне жеткізгесін қызға қыңқылдаған. Қыз «оқуымды тиянақты бітірмей өкшемді көтермеймін. Шын мендік болатын болсаң, күтесің» деп бірден кесіп айтты. Институтын бітіргесін де «мамама бір жыл нан жегізбегенім қалай болады» деп тағы тартыншақтады. Содан, амалы қайсы, сүйген жүрек бәріне көнеді екен.

Сонымен не керек, Әбіләзи қалыңдығын күдерін үзбей күтті. Шыдап бақты. Айтарыңыз не, осы жазға көзі бір қызарып, бір қарауытып әрең жеткен жігіт қалыңдығын алғашқы жиырма төрт күндік демалысына шығуына еркіне қоймай жетектеп, ел асып кеткен еді, анасына айтқан серті бойынша «бұрымынан сүйреп». Енді екеуінің той алдында әрі қыдырып бой жазып, әрі қалыңдық ойнап жүрген жүрістері ғой, сайранды салып, бабалардан қалған тарихи мұраларды аралап. Гүлсінай жігітінің ойынан шықты...

***

– Әже-әже! Әже-ші, әже! Сүйінші! Сүйінші! Балаңыз келіншек әкелді! – деп, тағы да тағы бірдеңе-бірдеңелерді айтып көршідегі келіншек таңмен талас алагеуімде табалдырықтан сүрінеқабына аттап кіріп келсін ентігіп. – Сүйіншімді бересің ғой, я, әже? – деп Мәйештің дегібірін алып барады. Мәйеш:

– Не дейт жарығым-ау?! – деп омалып намаз оқып отырған орнынан үш ұмтылып шақ тұрды. Жайнамаз жайулы қалды.

– Алла, Алла, шынымен бе? Жеттім бе, жеткіздің бе...

Кемпір байғұс денесін игере алмай тәлтіректеді. «Апырау, маған не болды, әлімнен айырылып...» Көңілге болмаса табан астында құлын тастаған биедей буын-буыны босап барады. «Құдай-ау, өңім бе, түсім бе...» – дей берді

9-бет

апалақтап. Сол бойы:

– Сен неғып қалшиып қалдың? Мені сыртқа шығарсайшы... – деді сүйінші сұрай келген келіншекке. Ол:

– А, ойбай-ау, шынында... – деп ол кемпірді қолтығынан алды. Екеуі сүйемелдесіп сыртқа шыққанда, ана алдында айдай жарқырап ұлы, күндей күлімдеп келіні қол ұстасып тұрды. Ажары атқан таңдай, ақша маңдай арудың сұлу лебі шарпығандай болды ма, Мәйеш талып түсе жаздады. «Айналып кетейіннің жүзі шамшырақтай екен». Қылтыңдаған шүйкебес та емес, шөпжелке



бөлекей де емес, перизат па дерсің. «Алла, кешіре гөр, тіл-аузым тасқа» деді ішінен аблығып. Қашан келінді болар екенмін деп санамен сарғайып жүрген байғұстың кәрі жүрегі атқақтап қоя берген. Еркек бала құсап спорттық порымда киініп алған ару тізесін бүгіп сәлем етті. Бұл дауысы дірілдеп:

– Бәрекелде. Мұңсыз бол, – деді. Баласы қарап тұрмай:

– Міне, біздің Африканкамыз осы. Ауданда единственный. Әкем баяғыда қой бағып жүрген кезінде Африкаға командировкамен барып ерітіп келген. Содан бері біздің үйде жүр, – деді кәнігі әзілқойлығына бағып.

Ал Мәйештің көңілі де, көзі де басына әлі жаулық түспеген келінінде. Ұлының әзiлiне жымиып күліп тұр. Мәйеш оны:

– Келші бері, құлдығым, – деп құшағына қысып екі бетінен, маңдайынан құшырлана сүйіп-сүйіп алды. – Қадамың құтты болғай, шыбыным. Алла бағыңды ашқай, – деді кемсеңдеп.

Тап осы сәтте Әбіләзи де абдырап сәмсіреген анасын аяп, толқып тұрған-ды.

– Африканка бізге қарамайын деді ме, келінін көргесін... – деді жайраңдап.

– Ә-ә, қаңғыбасым, неше күн, неше түн болды жаман шешеңнің зәресін зәр түбіне кетіргеніңе, – деп ұлын да құшақтай алды. – Е, Алла, осы күнге жеткізгеніңе тәубе... – деп кемсеңдеп жүріп, келінін табалдырықтан оң аяғымен аттаттырды. Сандықта келініме деп сары алтындай сақтап жүрген су жаңа ақ жібек бөрте шәлісі бар еді. Сонымен Гүлсінайдың жүзін жасырды.

Көрші-көлем де жиналып қалған. Келінді жылдап күткен ақ шымылдық құрылғанда үйдің іші жарқырап сала берді.

Беташар той сол күні-ақ басталып кеткен. Гүлсінайдың беті ашылысымен ағайын жасаулы дастарханды қаумалай қалған. Бабалардан қалған салт, келіннің қолынан шай ішіп баталарын бермек. Бәрінің назары Гүлсінайда. Ажары, бітімі мұншама келісті болар ма, етегі тобығына төгілген ақ көйлек, ақ жібек шәліге малынып, ішкі жан дүниесінің нұры сыртқа теуіп, аппақ жүзі сәулеленіп отыр. Құдды адамзаттан емес, перизаттан жаралғандай жарқырауын...

Енесінде ес жоқ: «Тіл-көздің сұғынан сақтай гөр» деп Алласына жалбарынумен болды. Шайды бабымен сәндеп құя алар ма екен деп те қобалжыған. Келіні қысылған жоқ, еркін. «Алла жарығымның жанына жамандық бермегей» деп күбірледі. Бір самаурын сарқылып екінші самаурын бұрқылдап келе қалғанда, Мәйеш: «Шіркіндердің аңқалары кеуіп қалған екен» деп іштей шайқорларға кейіп алды.

Көпшілікті шақырған үлкен той ертеңіне кешкілік аудан орталығындағы жалғыз ресторанда болды. Арнайы құрметпен шақырылған құдалар жағы келгенде, бұрын көрмеген ағайындар бәрінен де Гүлсінайдың анасына таңғалып гуілдессін-ай!

– Анасын көр де, қызын ал деген. Пай-пай, пай! Келімі келген-ақ екен...

– Қара кемпірге құдай берген, ә? Баласын бокстан спорт шебері дейтін, келінін де спорт шебері деп айтады. Волейболдан!

– А-а, солай ма?!

– Мә-ә саған...

– Қызық болғанда, көмірдей қара кемпірге маңдайын жарқыратып сүттей аппақ келінді бұйыртқанын айтсайшы...

– Ойпырмай десейші, жаманжәутік кемпірдің аузының салымы барына не дерсің...

– Бала мықты ғой, бала мықты болса, солай болады...

Осылай гу-гу. Олар осылай желпінісіп жатқанда, қос құдағи құрметті төрде тізерлесіп отырған. Мәйеш құдағайымен іш ашысып әңгімелескісі келген, шүйіркелесіп. Сондағысы: келінім қазан-ошаққа ие бола ала ма, кір жуа ала ма, оқу-тоқудың ізімен кеткен бала ғой, сиыр сауа ала ма... болды.

Өмірін от басы, ошақ қасында күлді-көмеш күйбеңмен өткізген жарықтықтан қайдан көсемсөз шыға қойсын. Құдағиы сыр берген жоқ. Кеудесін тік ұстап отырған қалпын бұзбай:

– Сиыр дейсіз бе? Дән саспаңыз. Келінің керек болса, жыланды да сауып береді, – дегенде, Мәйеш:

– Алла-құдай... – деп шошып кетті.

– Шошыма. Келініңе екі бетімді алып-салып жүріп бәрін үйреткенмін. Ырысыңыз бар екен. Келінді соқтың. Әлі-ақ қолыңды жылы суға малып отыратын боласың, – деп Мәйештің білегін қысып-қысып қойды.

Қара кемпір болса, көңілі көкке жеткендей қопаңдады...

***

Расында, құдай бере салған келіні анасының айтқанындай екен. Үйдің қам-қарекетін игеріп әкетті. Мәйеш «шүкірім-шүкірім» деп жүріп қолындағы кілттерін, қара шаңырақтың бар мүкәмалын келініне тапсырған. Әбіләзидің әзілімен айтқанда: «Ұйқысы қанық, көңілі тоқ. Беззаботный. Коммунизмде ғұмыр кешіп жатыр». Ал келіні сиырды да сауды, кірді де жуды, тағамның да түр-түрін пісірді. Тігін машинасы бар екен, істі де тікті. Спортымен де айналысты. Дәрігерлігіне де үлгірді. Қажетінде күйеуінің велосипеді мен мотоциклін де жүргізіп жүре береді. Қабағын шытпайды. Жарқылдап, күліп-ойнап көңілді жүреді. Енесінің тұяғын қимылдатпайды. Иіліп сәлемін жазбайды. Жасы үлкеннің алдынан өтпейді. Құдайдың бергені сол.

Қызық болғанда, келінінің басқа да өнері барын алғаш көргенде, қара кемпіріңіз шалқасынан түсе жаздады, Алла-құдайлап. Баласы күнде таңертең аулада тұрған турник пен гимнастикалық брусьяда ақ тер, көк тер ойнайтын. Оған көзі үйренген. Енді оған келіні қосылды. Жылдам-ақ! Алғашында: «Қарағым, бір жеріңді майып қылып аларсың» деп көрген. Келіні: «Мамка, мен үйренгенмін ғой, ештеңе етпейді» деп жұбатты. Мәйеш сонда: «Құдая тоба...» деген.

Әбіләзи спорт мектебіндегі мұғалімдігіне қоса аудан боксшыларын жаттықтыратын. Спорт шебері екенін білген биліктегілер Гүлсінайды да қыздар волейбол тобының бапкерлігіне бекітті, дәрігерлігіне қосып. Деген-дей, қара кемпірдің келіні командасын облыста алға шығаруға жанын сала кірісті. Қыздарын кейде көл жағасына алып кетеді, кейде жұмыстан кейінгі кешкілікте аулаға жинап жаттықтырады. Ойынға өзі де араласады. Сондайда Мәйеш келінінің көз ілеспес ұшқыр қимылына тоймай мәз болып отырғаны. Гүлсінай көкке шырқап ұшқан допты атылып барып, секіріп соққанда, екпініне төтеп бере алмаған қарсы беттегі қыз тыраң етіп жығылып жатады. Сол сәтте қара кемпір де бір қопаң етіп қалады. Өңі түрғай түсінде көрмеген қызығы.

Ондайда, баласы келіншегіне: «Африканканы командаңа ал. Мынауский капитаның болады» дейді шешесін арқасынан қағып. Қыздар да ду-ду шулайды: «Алайық, алайық әжені» деп. Содан не керек, бапкер болғалы «көмірдей қара кемпірдің сүттей аппақ келіні» атанған Гүлсінай көп ұзамай қызықшыл жұрттың назарына ілікті. Уақыт өте келе оның есімі естінің де, есердің де аузында жүрді. Бір үйден ерлі-зайыпты екі бапкердің шыққаны туралы гу-гу бірте-бірте аңызға айналып бара жатты.

Бірде Мәйеш, бастасы Шабыл шал кемпірімен үшеуі бір шақырыспаға барған. Ду-ду әңгімеде тілеулес көзтаныстар: «Келініңіз инабатты бала екен, алдына көрінуге барғанымызда, қабағын шытпайды. Бір бөлек бала өзі. Сөзі жұмсақ. Көргенді жас екені сиығынан біліну тұрады...» деп жұда ағынан жарыла мақтасын.

Қара кемпір шақырыспадан болып-толып қайтты. «Шүкірім сол» деп келеді. Жолда Шабыл шал:

– Сен, бастасым, жарылып кетпей неғып шыдап келесің. Жаңағылардың айтқанының қалпалы жоқ. Ұлың жұрттың он ұлына, келінің он келініне татиды. Сен құдай берген кемпірсің. Жасыңда бейнетті көп көріп едің, еңбегің еш кеткен жоқ. Келінің алақанына салып бағып күтуде. Одан артық не керек. Еңбек қайтты деген осы ғой... – деп шалқып келеді.

– Айналып кетейінім-ай, өзі бар ғой, баладан бөлек, – деп Әтима замандасы да қосарланды. – Көре қалғанымда бар-ау, осы іші-бауырым елжіреп қоя береді. Өзінің тізесін бүгіп сәлем бергені-ақ әдемі. Киім киісі де тал бойына жарасып тұрады...

Не керек, сол жолы Мәйеш құттыханасына қыжым шапанына сыймай келді. Сол күні келінін айналып-толғанумен болды.

Өмір солай өтіп жатты. Күндердің бір күнінде ұршығын біруақ иіріп болып, енді дем алып отырған енесінің алдына басын қойып, еркелеп жатқан келіні:

– Мамка, балық жегім келеді, – деді алма беті балбұл жанып. Мәйеш:

– Е, құлдығым, балық деген дүкенге түспегенімен базаршылардан табылады ғой. Жүгіріп барып әкеле қояйын, – деп түрегеле берді, құдды құлдилап жүгіре алатындай. – Өзім асып, өзім түсіріп беремін. Құлдығың болайын, жолыңда жүрейін... – деп шұбыртып барады.

Мәйеш – балықшының қызы. Балықтың тәуірін де, пісіру бабын да біледі. Көзінің қарасындай жалғыз келінінен қай жанын аясын. Балықты баласына базардан көтере алдырып, сойдыртып, кеспелетіп, оны тоңызытқышына салып қойып, күнде шетінен асып беріп жүрді. Бабына келіп піскенше келіні қашан піседі деп шыдамайды мамкалап. Қазаннан түсіре бастағанда-ақ қолды салады. Мәйеш үйме табақ балықты келінінің алдына қойып:

– Жей ғой, күнім, – дейді. Күнде осы. Келіні балық жеп отырып бұршақтап терлейді. Ұйқышыл да болып алды. Бір күні түсірімді матадан кең етек екі көйлекті өзі пішіп, өзі тігіп алып, алма-кезек киіп жүретін болды. Мәйеш те қамдана бастады. Кезінде перзенттерін бөлеген құтты бесігінің теңін шешті. Келінін қасына шақырып алып:

– Мынау Әбілезжанның иісі сіңген жастығы, мынау сүйек шүмегі, мынау шыны түбегі, мынау шыттай жаңа жаялықтар. Ырымға деп сақтап қойған едім, – деп бірбірлеп көрсетіп жатты.

Ал Әбіләзи болса, «Категория жизни» деген серияның үшінші шығарылымын оқып бітіріп, енді төртіншісін бастаған еді. Соны креслода жайбарахат оқып отыр.

О дариға-ай, не деген дәурен еді, естен кетпес...

ӨНЕР

# ҮШҚОҢЫР ҮКІЛЕГЕН ЖЫР

***Астана мерекесіне барып, Елбасының алдында арнау айтқан құлагер ақындардың мұрагер үні Мұқтар Ниязовпен мөлтек сұхбат***

*– Мұқтар, Үшқоңырға жолың қалай түсті?*

– Астана күніне арналған жылдағы дәстүрлі айтысқа Қызылордадан айтыскер Ерженіс Әбдиев екеуміз шақырылған едік. Осы сапарға жүрер алдында маған ішкі саясат қызметкерлері хабарласып, келер аптада облыс әкімінің қабылдауында болуым керектігін айтты. Бұл жайында сәл кейінірек қозғайық.

Сонымен әсем Астана төріндегі айтыстың алғашқы айналымынан өтіп, ақтық сынға жолдама алып тұрған сәтімде ұйымдастырушылар тарапынан "сіз Үшқоңырға баратын болдыңыз" деді. Үшқоңыр Елбасының туған жері ғой, аяқасты тұздәмім көтеріліп кеткеніне сенерімді де, сенбесімді де білмедім.

Білгенім Үшқоңырда екі жұп айтыс болады екен. Бірі Балғынбек Имашев пен Айнұр Тұрсынбаева, екінші жұп қырғыз ақыны Елнұрбек деген жігітпен менің айтысым.

*– Бұрын Үшқоңырда болмап па ең?*

– Жоғә, тек өлеңнен естігенмін. Құмартатынмын. Үшқоңыр биік таудың басындағы жазық жайлау екен. Бұл жердің табиғи сұлулығын айтуға қара сөздің әлі келмейді, тек:

Шыңдарың Төле бидің
қалпағындай,
Жазира жасыл әлем алқабыңды-ай.
Жуасы, қарақаты, бүлдіргені,
Әжемнің шекер қосқан талқанындай, –

дейтін өлең тілі болмаса. Ал, саумал ауасына қанбайсың. Аспанда жүргендейсің, ат қиын тастамаған жер. Көзің ашқарақтанып көркемдікті жұта береді. Кейде маған биік тұлға Елбасы тым биік, салқар кең, сара сұлу жерде туған шығар дейтін ой келетін. Сол ойымның шындығын өңімде көріп тұрғаныма тебіреніп кеттім. Бұл жерде бір сағат көз шырымын алсаң, жиырма үш сағат ұйықтамай жүре беруге болады. Мен енді таусыз, нусыз жерден барғанмын ғой, қия белдердің ортасында өскен Балғынбек те таңырқап жүр. "Біздің қазақтың да осындай сұлу, сұңғыла жерлері бар екен ғой..."



*– Менің өзім Үшқоңырға ұшып кеткендей болдым, Мұқтар. Ал, енді айтыс не болды?*

– Бірінші күні Айнұр мен Балғынбек айтысты. Олар сәл төменде, Елбасы қонақтарымен бірге төбеде отырды. Бірақ дауыс айналаға түгел естіледі. Үшқоңыр тойына ресейлік өнер тарландары да келген екен. Олар өздеріне тиесілі бір-бір әнін орындады да қойды. Ал, қоңыр домбыраға қосылып шырқаған Ардақ Балажанова төрт әнді бірден әуелетті. Мұнан Елбасының ұлттық өнерге өте-мөте ықылас танытып отырғаны көрінді.

*– Неткен ұлтжандылық! Сенің айтысың қалай болды?*

– Мен айтысқан жоқпын. Таудың ауа райы емес пе, ертеңіне жаңбыр құйып кетті. Маған ұйымдастырушылар арнау айтасың деді. Іштей ширығып дайындала бастадым. Мені Елбасы мен қонақтар отырған төрдің дәл алдына алып келді.

Жүрегімнің дүрсілі құлағымның түбінен шығып тұр. Домбырамды қағып-қағып жіберіп Елбасы отырған тұсқа қарап едім, жылы жүзді көріп, төгіле жөнелдім. Дайындығым далада қалды, сөздің қайдан шығып жатқанын қайдам.

Елбасының қолын шапалақтап, айналасындағыларға "қандай сөздер айтылып жатыр!" дегенін естігенде тіпті арқаланып кеттім.

*– Есіңде қалған жерлері бар ма?*

– ... Бала кезден ұшқыш болсам
деп армандап,
Көзіңізді көк аспанға тіктіңіз ғой.
Сол арман міне, бүгін орындалды,
Ақырын сабырменен күттіңіз ғой.
Ұшқыштар ұшақпенен жеткен жерге,
Ұлтыңызды көтеріп шықтыңыз ғой!..

– осылай кете береді.

Сол жерде жазып алғандар бар, кейін толық нұсқасын берейін.

*– Бәрекелді! Ал, енді Мұқтар ораза айы саған Елбасының алдында арнау айту бақытымен бірге облыс әкімінің сыйын да қоса тарту етіпті. Қырымбек Елеуұлының қолынан пәтер кілтін алыпсың, құтты болсын!*

– Рахмет. Бұл екі оқиғаның бір-біріне қатысы жоқ. Әңгіме басында айттым ғой. Астанаға бара жатқанымда менің облыс әкімінің қабылдауында болуым керектігі ескертілген. Келген соң аймақ басшысы қабылдады. Ата-анаммен бірге бардым. "Ұлттық негізден айырылып қалмау үшін айтыс өте қажетті өнер. Мұқтардың осы жолдағы табыстары қуантады. Оның үстіне ұстаз болып шәкірт тәрбиелеп жатыр екен, – деп әкім менің өнердегі табыстарыма ризалық білдірді. – Үш баласы бар екен, сондықтан үш бөлме пәтер сыйлап отырмыз" – деді. Мен Қырымбек Елеуұлының өте қарапайым ашықтығына риза болып қалдым. "Баланың санын өсіру сенен, бөлменің санын көбейту менен" деген әзіліне ата-анам риясыз күліп, үлкен кісінің қолын қысты.

"Ата-анаң сені бақты, сен ата-анаңды қуант" дейді ғой ғұламалар. Мен сол сәттегі ата-анамның қуанғанын көріп, өзімді ең бақытты перзент сезіндім.

*– Қос қуанышыңа ортақ болып, көбейе түсуіне көңіл ризалығым шексіз, ақыным. Ел-жұртыңды рухани байлыққа бөлеп, ізбасарларыңды тәуелсіз еліміздің өнерлі өрендері етіп түлете бер.*

– Рахмет.

Сұхбаттасқан **Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.**

# РАХМЕТТІҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

**Расында, рахметтің құны қанша дегеннің өзі қызық сұрақ. Өйткені нақты құны жоқ, саналық сыйластықтың сипаты секілді. Жасыратыны жоқ, кешегі кеңестік заманда рахметтің берекесі бар еді. Бір ауыз жылы сөз арқылы ықыласқа ықылас қоятын. Ал қазір құны қайтқандай, құты қашқандай. Ризашылықтың жеңіл түрі, не белгісі іспетті. Неліктен бұлай?**

Бүгінгі уақыттың болмысы мүлдем басқа, сатулы, пұлдық пиғылға дендеп кеткен сияқтымыз. Сүт сатпаған қазақ су сатуды да үйренді. Нарыққа бейімделу тек ақшамен өлшенетін сана мәдениетін қалыптастырды. Қандай жолмен болсын, тамақ тоқ, тәуір тіршілік кешсе сол тәубеге айналды.

Сәл ғана шегініс жасайық. Алдымен, елде жекешелендіру жүрді, жер бөлістік. Дүние бөлісі басталды. Жұдырықтай жұмылып, айрандай ұйыған ағайын бір демде өзгеріп салды. Бұрын туған-туысқа шара-шара сары майды дымсыз сыйлай салатын едік, енді ақы сұрайтын ағайынға айналдық. Бір кездері өзбекке күлгенбіз. Баласы әкесіне қарызға ақша береді екен деп. Қазір өзімізге-өзіміз таңданбайтын болдық.

Бабалар өтті бағалы. Бір рахметтің қуатымен айшылық жерге ақысыз жеткен. Бейтаныс ортаға да еркін сіңіп, құдайы қонақ болды, құрмет арттырды. Бірақ мұнысына ешкім көк тиын төлеген емес. Мұны ұлттық дархан пейілдің ұлағатына жатқызамыз. Осындай озық орнымызды, пақырдан бақыр тиын тілемей, қанағат тұтқан халық екенімізді талай ұлт тамсана айтты. Орыстар қазақ демократиясы сонау Абай заманында басталған деді: «Қазақтар үйдің есігіне құлып ілмейді, бір-біріне жамандық ойламайды, бейтаныс ашқұрсақ адам үйге еркін кіріп аштығын, шөлін басты, бөгде затқа тиіспеді» деп суреттеді сонда. Бұл сана тазалығы, жомарттығы, жат әдетке жуымаған жайсаңдығы жарқын уақыт еді. Осындай заманды басып озып, құлқын дейтін қоғамға келдік. Қазір бай-манапты парасат иесіне балап жүрміз. Шын мәнінде, парасаттылық жүректе!

Бала күнімде бір қисса естігенмін. Сол еске түсіп отыр. Үш дос қажылыққа жиналып, ұзақ уақыт дайындалған екен. Ертең жолға шығамыз дегенде үшеудің бірі көршісінің ризашылығын алмақ болады. Көршінің үйіне кірсе отана шеттей бала-шағаға тамақ таба алмай қысылып отыр екен. Мына жағдай жайдары көңілін су сепкендей басты. Сөйтті де қажылық сапардан бас тартты. Сапарлас екі досына: – Көршім аш отырып, менің Меккеге жол тартқаным жараспайды, онан да жиған-тергенімді сол отбасыға берейін,- дейді.

Ал, қасындағы екі кісі қажылыққа кетіп, тиісті міндеттерін орындайды. Ең қызығы сол, қажылық парызды өтегендер қатарында әлгі ауылда қалған досының да аты аталады. Сауап жасаған адамға тәңірдің рахымы мол түсетінін білген ел кемтар-кембағалға жақсылық жасауды парыз санапты. Рахмет естуге құштарлық артыпты.

Ойды ой қозғап кетті. Тағы бір тағылымды оқиға ойға оралды. Бір жолаушы келе жатып, кенет бір сандыққа кезігеді. Қызығып кеп ашып қалғанда ішінен үлкен жылан шыға келеді. Ғайыптан тіл біткен жылан: «Мен сені жұтамын» деп айбат көрсетеді. – Асықпа, – дейді жолаушы,- анау көрінген топ адамнан ақыл сұрайық, солар не айтар екен? Бәлкім, солардың әділ сөзінен кейін жұтсаң, үлгересің.

– Жарайды. Дегенің болсын.

Алайда әлгі отыз адам жолаушыға тіпті жақындаған да жоқ. Байқамаған болды да өте шықты. Жолаушы үнсіз қалды. Құдайдың қарасқаны ма, артынан тағы бес кісі келе жатты. Енді осы топқа үміт артты. Бұлар да қайырылмады.

Біткен жерім осы шығар деп дегбірсізденген жолаушы артына көз жіберіп еді, бір кісінің төбесі шалынды. Ақырғы үміт деп соны күтті.

Ол ақсақ екен, аяңдап қасына келді. Құр келмеді, бірден жыланға бағыттап сөз бастады.

– Уа жылан, үлкендігінді көріп тұрмын. Бірақ осындай үлкен жылан кішкентай сандыққа қалай сыйғанына қайранмын, – дейді сонда.

– Сен сенбей тұрсаң-ау, онда көргейсің, – деп жылан сандыққа кірген бойда ол аузын тарс жабады. Осылай бейтаныс жолаушыны өлімнен құрқарады.

Сандық тауып алған жолаушы дінге мойын бұрмаған кісі екен. Отыз адам – оның отыз күн оразасын, бес адам – бес уақыт намазын білдірсе керек. Олардың қайырылмаған себебі, әлгі жолаушы ораза да ұстамаған, намаз да оқымаған. Өмірінде бір рет ғана жарты нанды садақа қылған екен. Ақсақ кісі сол жарты нанның несібесі, ажалдан араша болып тұрған. Қазақтың «Садақаны сауыңда бер» дегені осы екен ғой.

Жалпы, Рамазан айы Аллаһтың рахметін шашқан ай саналады. Соған сай хадисте: «Рамадан айының басы – рахмет, ортасы – мағрипат, аяғы – күнәдан тазару» делінген. «Алғашқы он күнде – Аллаһтың рахымы түседі, ортадағы он күнде – Аллаһ жарылқайды, соңғы он күнде – Аллаһ құлдарды азат етеді», – дейді. Шындықтың шырыны осы. Алланың өзі де рас, сөзі де рас.

Ескі көздер «Бір алғыс мың қарғыстың бетін қайтарады» деп жататын. Тәйірі, қарғыс алмай, алғыс алғанға не жетсін?! Көмекті пұлдамай, жүректен тек жылы сөз, рахмет деген риясыз көңіл ақтарылса деймін. Асылы, рахметтің құны қанша тұрады екен, осы?

**Қаныбек ӘБДУОВ,**
**журналист.**

# ЖАДЫНЫ САҚТАУДЫҢ 10 ӘДІСІ

**1. Кітап оқыңыз**

Кітапты оқу барысында жадыңызды кейіпкерлердің мінез-құлқын, сезімін және уақиғалар жайлы ақпаратты жаттауға мәжбүрлейсіз. Мида нақты бейнелер құралып, қабылдауыңыздың жақсаруына себепші болады. Оқу сіздің зияткерлігіңізді жетілдіріп, сөздік қорыңызды байытады.

**2. Компьютер ойындары**

Компьютер ойындарын сүйіп ойнайтындарға, олар өздерінің миын жаттықтыратынын біліп қуанар. Бірақ, миды жаттықтыру үшін жарты сағат, асып кеткенде бір сағат жеткілікті. Зияткерлік немесе логикалық ойындарды ойнау барысында, ойыншы стратегия таңдап, алдағы іс-әрекетті жоспарлайды. Осылайша жарты сағатттық ойын миды белсенділік жағдайында ұстайды. Ал, сағаттап ойнау керісінше зиянын тигізуі ықтимал.

**3. Ұйқы**

Миды жақсы қалыпта ұстау үшін сегіз сағаттық ұйқы керек. Күні бойы сіздің миыңыз әр түрлі мәселелерді шешеді – оңай болсын, қиын болсын. Сондықтан оған ертеңгі мәселелерді шешу үшін жақсы демалыс керек.

**4. Жаңа бір нәрсені үйреніңіз**

Не нәрсені үйренгіңіз келеді, не нәрсе керектігін жақсылап ойлап, соны жүзеге асырыңыз. Өз күшіңізді жаңа әуес іске жұмсаңыз. Мүмкін, ол атпен серуендеу немесе сурет өнері болатын шығар. Ешқашан істемеген нәрсені істеңіздер, өз миыңызға белсенді болуға мүмкіндік беріңіз.

**5. Кертартпалықтан құтылып көріңіз**

Ерекше іс-әрекеттер жасап, аяқасты шешім қабылдаңыз. Мысалы, таңғы кофеңізді шырынға алмастыру, сол қолмен жазып үйрену. Үйреншікті бағытты ауыстырыңыз – сол арқылы ескіліктен құтыласыз.

**6. Сандармен жұмыс істеп көріңіз**

Көбейту кестесін білесіз бе? Оны ойша қалай санау керектігін ше? Біз өмірімізді калькуляторсыз елестете алмаймыз. Ал сіздер супермаркеттегі сауданызды ойша есептеп, не басқа да есептерді есептеп көріңіз. Бұл арқылы миды жаттықтырып қана қоймай, есте сақтау қабілетін де жақсартасыз.

**7. Жаттап үйреніңіз**

Жатқа қанша тақпақ білесіз? Ал балалар он шақтысын біледі. Сіздер балаларыңызбен бірге он шақты тақпақ немесе қазіргі заманғы ақындардың ұнаған өлеңдерін жаттап алуларыңызға болады. Есте сақтау қабілетін жаттықтырып қана қоймай, жақсы нәрсеге де қол жеткізесіз.

**8. Өткеніңіз туралы айтыңыз**

Біреуге кешегі күніңіз жайлы айтыңыз. Соңынан басына дейін. Мысалы, кешке, сосын күндіз не істедіңіз, кешегі күніңіз қалай басталды. Өткенге көз жүгірту арқылы миыңыз сол ақпаратты жаттап қалады.

**9. Шет тілдерін үйрену**

Шет тілдерін үйрену – миды жаттықтырудың жақсы жолы. Күніне кем дегенде он жаңа сөз жаттауды әдетке айналдырыңыз. Осы әдісті меңгергенде, сөз емес сөз тіркестерін жаттауға көшесіз.

**10. Сөздік қорыңызды көбейтіңіз**

Күніне өзіңіз үшін жаңа сөзді ашыңыз. Бұл жалпы немесе сіздің мамандығыңызға қатысты сөздер болуы мүмкін. Сізге түсініксіз сөздердің анықтамасын табу үшін сөздіктерді қолданыңыз. Сол жаңа сөздерді өмірде қолдану арқылы жаттаңыз.

Егер сіздер есте сақтау қабілеттеріңізді жаттықтырмасаңыздар, оны жоғалтып аласыздар. Есте сақтау қабілетін әлсіретіп алмау үшін жоғарыдағы 10 кеңесті қолданыңыздар. Олар көп уақытты алмайды, бірақ біраз уақыттан кейін сіздің миыңыз тиімдірек жұмыс істейтінін байқайсыз.

Дайындаған: **Нұрбек САҒАТҰЛЫ.**

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ 25 МАУСЫМДАҒЫ №623 ҚАУЛЫСЫ

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 10.07.2014 жылы № 4721 тіркелген

**«Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы №334 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

«Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңына, «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы №334 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4539 нөмірімен тіркелген,

2013 жылғы 23 қарашадағы «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.С.Нұртаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Қ.КӨШЕРБАЕВ.**

КЕЛІСІЛДІ

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің
Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы
______________ Б. Нұртазаев
2014 жылғы «25» маусым

Қызылорда облысы әкімдігінің
2014 жылғы «25» маусымдағы № 623 қаулысына
қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2013 жылғы 23 қазандағы №334 қаулысына
қосымша

**Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы**

| р/с | Аудандар, қала | Барлық залалданғаны, гектар | Оның ішінде карантиндік объектілердің түрлері бойынша, гектар | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жатаған у кекіре | арамсояу | калифорниялық қалқаншалы сымыр | қауын шыбыны |
| 1 | Арал ауданы | 70,5 | 67 | 3,5 | - | - |
| 2 | Қазалы ауданы | 232 | 64 | 55 | 31 | 82 |
| 3 | Қармақшы ауданы | 329,8 | 62,5 | 112,3 | 11 | 144 |
| 4 | Жалағаш ауданы | 399,25 | 82 | 90,2 | 17,05 | 210 |
| 5 | Сырдария ауданы | 450,5 | 72 | 103,5 | 21 | 254 |
| 6 | Шиелі ауданы | 1005,2 | 146 | 139,2 | 10 | 710 |
| 7 | Жаңақорған ауданы | 1058,8 | 181 | 183,8 | 37 | 657 |
| 8 | Қызылорда қаласы | 58,25 | 18 | 12 | 10,25 | 18 |
| | Барлығы | 3604,3 | 692,5 | 699,5 | 137,3 | 2075 |

## ЖҰМЫС ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

Жақында Сырдария аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде бос жұмыс орындарына жәрмеңке өтті. Көпшілік тағатсыздана күтіп жүрген шараны өткізу қарсаңында жұртшылық көп жиналатын орындарға парақшалар ілініп, жергілікті басылымда хабарландырулар берілген. Жұмыссыздыққа тіркелгендерге жұмыс орындары туралы мәліметтер таратылып, еңбек жәрмеңкесіне қатысуға шақырылды. Осынау игілікті іске бөлім қызметкерлері ғана емес, "Нұр Отан" партиясы аудандық филиалы да белсене араласты. Өйткені, бұл бастама осы партияның "Кедергісіз келешек" жобасы аясында өткізіліп отыр. Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасына орай еліміздің жетекші партиясы мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамтуды басты мақсат етіп қойған. Мұның басым бағыттары мүмкіндігі шектеулі жандарды тұрақты жұмысқа орналастыру, олар үшін "кедергісіз аймақтар" құру, мүгедектер құқын тиімді жүзеге асыру үшін құқықтық алаң қалыптастыру болып саналады. Сондай-ақ, инклюзивтік білім беруді дамыту бағыты да бар.

Жәрмеңкенің ашылу салтанатында аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Б.Өтегенова сөз алып, аудан тұрғындарын жұмысқа тарту жайынан егжей-тегжейлі мәлімет берді. Биылғы жылы аудандағы 29 мүмкіндігі шектеулі жандар тұрақты жұмысқа тартылған. Ал, бүгін бос жұмыс орындарына 10 сұраныс келіп отыр.

Жәрмеңкеге қатысушыларды мекеме басшылары жеке қабылдап, толықтай мәліметтер жинақтаған. Нәтижесінде Т.Есенбаева, И.Жағыпаров, С.Сейілов, С.Аймаханов, Б.Тұрғанбаев, Н.Бактияров, М.Сәдуақасов, Қ.Қайырбаев, М.Үсенов, М.Жанәлиевалар бос жұмыс орындарына бірі тұрақты, ал енді бірі уақытша жолдамалар алды.

Жұмыссыздарға жұмыс жолдамалары салтанатты жағдайда табыс етіліп, "Нұр Отан" партиясы төрағасының бірінші орынбасары М.Омаров жұмыс иелерінің қызметтеріне табыс тіледі.

**Е.АҚҚАЛИҰЛЫ.**
Сырдария ауданы.

## КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА!

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Шиелі ауданының орталығында Ұлы Отан соғысының ардагерлерін ұлықтау мақсатында «Тағзым алаңы» салынуда. Тағзым алаңына ауданымыздан майдан даласына аттанған азаматтардың есімдері мәңгілікке жазылатын болады. Қазіргі таңда Ұлы Отан соғысына қатысқан азаматтарды түгендеу жұмстары жүргізіліп, аудан әкімдігінің ресми сайтында арнайы парақша ашылып (www.shieli.gov.kz), ардагерлер тізімі орналастырылған. Осыған орай туған-туыстарыңыздың немесе сіз білетін Шиелі ауданынан ұрыс даласына аттанған ҰОС ардагерінің есімдері тізімде болмаса, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі №6 ғимаратта орналасқан «Шиелі аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қажетті құжаттармен (ҰОС қатысқанын растайтын құжат, фотосурет) келулеріңізді немесе мына **Ovp.shieli@mail.ru** электронды поштаға мәлімет берулеріңізді сұраймыз. **Байланыс телефоны-мыз: 4-18-41.**

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДАҒЫ №625 ҚАУЛЫСЫ

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 04.07.2014 жылы № 4717 тіркелген

**«Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары А.Ш. Әлназароваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Қ.КӨШЕРБАЕВ.**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2014 жылғы «30» маусымдағы №625 қаулысымен
бекітілген

**«Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) Қызылорда облысында білім саласында (-ларында) басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қызылорда облысының әкімдігі Басқарманың құрылтайшысы болып табылады.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Басқарманың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120014, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, нөмірсіз.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарманың қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

**2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Басқарманың миссиясы:

облыстың білім саласының дамуының негізгі мақсаттарын іске асыру және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге негізделген білім берудің тиімді және біртұтас жүйесін қалыптастыру, білім беру сонымен қатар бала құқықтары туралы Конвенция мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында көрсетілген заңды құқықтарды сақтау негізінде баланың үйлесімді дамуына жағдай жасау, қоғамда адамгершілік басымдықтар мен рухани бағдарларды қалыптастыру, сондай-ақ, балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ведомствоаралық үйлестірудің тиімді жүйесін құру.

15. Міндеттері:

1) облыста білім саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасы Конституциясының, Бала құқықтары туралы Конвенцияның, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары мен балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселесі бойынша басқа да заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес барлық санаттағы балалардың құқықтарын жүзеге асыруға байланысты кешенді шаралардың іске асырылуы бойынша бақылау мен ведомствоаралық ынтымақтастықты жергілікті деңгейде үйлестіру;

4) әлеуметтік жетімдіктің, балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгез қарым-қатынастың, бала еңбегінің ең нашар түрлерін алдын алу және болдырмау, өмірдің қиын жағдайына тап болған балаларға көмек көрсету, балалардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін жағдайлар жасауға ықпал ету;

5) бала құқықтары туралы Конвенция ережелерінің, адамгершілік-рухани тәрбие бағдарламаларының жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу, балалардың рухани өсуі мен әлеуметтік жағдайларының қолайлылығына талдау мен болжам жасау, өңірде балалардың өмір сүру жағдайларының сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу. Көпшіліктің бала құқықтары мен оны жүзеге асыру жолдары туралы ақпараттану деңгейін көтеру;

6) балалардың өзін-өзі дұрыс қалыптастыруына жағдай жасау, адамгершілік-рухани құндылықтар негізінде балалардың қоғамға жақсы енуіне бағытталған балалардың әлеуметтік бастамалары мен балалардың қоғамдық ұйымдарын қолдау және ынталандыру;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге міндеттерді жүзеге асыру.

16. Функциялары:

1) азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді қамтамасыз етеді;

3) балаларды арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқытуды қамтамасыз етеді;

4) мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды оқытуды қамтамасыз етеді;

5) білім туралы мемлекеттік ү лгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді және негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйым¬дарын солармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы туралы облыс әкімдігінің шешімінің жобасын дайындап бекітеді;

7) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

8) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ, арнайы және мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

9) мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы ұстауға бөлінетін бюджет қаражатының кемінде бір пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;

10) мемлекеттік тапсырыс негізінде техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ, мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін қағаз және электрондық жеткізгіштерде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуды және жеткізуді қамтамасыз етеді;

11) облыс ауқымында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылар конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

12) балаларға облыстық деңгейде жүзеге асырылатын қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

13) бюджет қаражаты есебінен қаржыланды¬рылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлауды және қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

14) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеруді және халыққа психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

15) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

17) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді;

18) берілген өтінімдерге сәйкес кейіннен жұмысқа орналастыра отырып, ауылдық жердің кадрлар қажетсінуі туралы өтінімді білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға жыл сайын 15-ші сәуірге дейін ұсынады;

19) білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруі туралы мәслихатқа ұсыныс енгізеді;

20) білім беру мониторингін жүзеге асырады;

21) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

22) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында ұсталатын адамдарға жағдай жасайды;

23) қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсетеді;

24) конкурс жеңімпаздарына – мемлекеттік орта білім беру мекемелеріне «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын төлейді;

25) мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді;

26) балаларға арналған әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруға қатысу;

27) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі консультацияларды хабарлау мен өткізу, іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін белгілеу туралы облыс әкімдігінің қаулысы жобасын әзірлеу;

28) тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дене тәрбиесі және спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласында балалар мүдделеріне орай орталық атқарушы органдар айқындаған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

29) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді белгіленген тәртіппен жүзеге асыру;

30) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың дербес құрамын бекіту үшін тиісті мәслихаттарға ұсынады және олардың жұмысын ұйымдастырады;

31) өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандардың және жайсыз отбасылардың өңірлік есебін жүргізеді;

32) өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жұмысқа орналастыру және тұрмыстық жағдайын жасау, өзге де көмектер көрсету жөніндегі шараларды қолданады;

33) қызметтері кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы, жасөспірімдердің салауатты өмір салтын насихаттау, құқықтық сауаттылығын арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға байланысты коммерциялық емес және өзге де ұйымдарға ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетеді;

34) үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған кәмелетке толмағандарды, ата-анасының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарды заңда белгіленген тәртіппен бейімдеу орталықтарында ұстайды;

35) кәмелетке толмағандар үшін, оның ішінде бала құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын ұйымдардың әлеуметтік инфрақұрылымының қалыптасуын қамтамасыз етеді және олардың қызметтерінің мониторингін жүргізеді;

36) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

37) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады;

38) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады;

39) мемлекеттік орган жұмысының сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында оның қызметінің бағыттары бойынша ішкі бақылауды жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру барысында заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

қолданыстағы заңнамалық актілерде қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы.

2) Басқарма:

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

қолданыстағы заңнамалық актілерде қарастырылған өзге де өкілеттіктерді атқаруға міндетті.

**3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру**

18. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз қызметін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда өз өкілеттігі шегінде Басқарманы білдіреді;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Басқарма қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері өз қызметіне жататын Басқарма қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) Басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) шарттар жасасады;

9) сенімхаттар береді;

10) өз өкілеттіктерін ұйымдастыру және ішкі тәртіп мәселелері бойынша регламент қабылдайды;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша дербес жауапкершілікте болады;

12) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

13) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;

14) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

15) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

16) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

17) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асырады;

18) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен, облыс әкімдігімен, әкімнің және оның орынбасарларымен, облыс әкімінің аппаратымен жүктелген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

23. Басқарманың жұмыс режимі:

1) басқарма аптада 5 (бес) күн жұмыс істейді;

2) басқарманың жұмысы жергілікті уақыт бойынша сағат 09-00 де басталып, сағат 19-00 де аяқталады. Сағат 13-00 ден сағат 15-00 ге дейін үзіліс;

3) Сенбі және жексенбі күндері сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері басқарма жұмыс істемейді.

24. Басқарманың жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

25. Басқарманың әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және мемлекеттік қызмет туралы заңына сәйкес реттеледі.

**4. Басқарманың мүлігі**

26. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлігі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлігі оған меншік иесі берген мүліктен, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүліктен (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

27. Басқармаға бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

28. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату**

29. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

2014 жылғы 17 маусым — №196
Қызылорда қаласы — кезектен тыс 27 сессия
Мемлекеттік тіркеу №4726 2014 жылғы 15 шілде

### «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңына және «Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 03 желтоқсандағы №704 Жарлығына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 27-сессиясының төрағасы — А.ОҢҒАРБАЕВ.**

**Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы — Б.ЕЛАМАНОВ.**

---

Қызылорда облыстық мәслихатының
2014 жылғы 17 маусымдағы № 196
шешімімен бекітілген

### «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

**1. Жалпы ережелер**

1. «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - аппарат) Қызылорда облыстық мәслихаты мен оның органдарын ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қызметті қамтамасыз ететін мемлекеттік орган болып табылады.

2. Аппарат өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Аппарат заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкісі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органында шоты болады.

4. Аппарат өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен бұйрық түріндегі актілер шығарады.

5. Қызылорда облыстық мәслихаты (бұдан әрі - Мәслихат) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген штат саны мен бөлінген қаражат лимиті шегінде аппараттың құрылымын бекітеді, оны қамтуға және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге арналған шығыстарды айқындайды.

6. Аппараттың заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, индексі 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1.

7. Аппараттың толық атауы:

мемлекеттік тілде - «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - государственное учреждение «Аппарат Кызылординского областного маслихата».

8. Аппарат туралы Ереже Мәслихат сессиясында бекітіледі және ол оның құрылтай құжаты болып табылады.

9. Аппараттың қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

**2. Аппараттың функциялары, негізгі міндеттері мен құқықтары**

10. Аппарат заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мәслихаттың Регламентіне сәйкес Мәслихаттың сессиялары мен тұрақты комиссияларының отырыстарын өткізуге дайындықты және ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

2) депутаттарды сессиялар мен тұрақты комиссиялардың отырыстарында қаралатын мәселелерге байланысты шешім жобаларымен және тиісті құжаттармен қамтамасыз етеді;

3) тұрақты комиссиялар ұсыныстарының негізінде Мәслихаттың жұмыс жоспарларының жобаларын және оның атқарған жұмыстары жөніндегі есептерін дайындайды;

4) депутаттарға өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы үшін түсініктемелік және әдістемелік көмек көрсетеді, олардың сауалдары мен ұсыныстарының, сын-пікірлерінің уақытылы қаралуын және орындалуын бақылайды;

5) депутаттардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы барысында енгізген ұсыныстары мен ескертпелерін есепке алады, талдау жасайды және оларды жүзеге асыруға арналған іс-шаралардың орындалуын қадағалайды;

6) сессияларда қаралатын мәселелердің тұрақты комиссиялардың отырыстарында алдын ала талқылануын ұйымдастырады, депутаттарға шешімдер жобалары мен қорытындыларының сапалы дайындалуын қамтамасыз етуде көмек көрсетеді;

7) Мәслихаттың актілерін әзірлеуге қатысады, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларда олардың әділет органдарында тіркелуге жолдануын қамтамасыз етеді;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайлар мен тәртіппен Мәслихат шешімдерінің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауын қамтамасыз етеді;

9) Мәслихат шешімдері мен басқа да құжаттарының тиісті органдарға жолдануын қамтамасыз етеді;

10) Мәслихат сессиялары мен оның басқа да органдарының отырыстарында хаттамалар, стенограммалар жүргізеді;

11) Мәслихаттың іс-жүргізу қызметін жүзеге асырады;

12) заңнамаға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

11. Аппараттың негізгі міндеті:

Мәслихат пен оның органдарын ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыру, депутаттарға өздерінің өкілеттігін жүзеге асыруға көмек көрсету болып табылады.

12. Аппарат «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, заң актілеріне, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажет құқықтарға ие.

**3. Аппараттың мүлкі**

13. Аппараттың жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Аппараттың мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптастырылады және негізгі қорлар мен айналымдағы қаражаттан, сондай-ақ құны аппараттың балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

14. Аппаратқа бекітіліп берілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

15. Аппарат өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен алынған мүлікті, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен өзгеше белгіленбесе, өз бетінше иеліктен шығаруға немесе басқа тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**4. Аппараттың қызметін ұйымдастыру**

16. Аппаратты Мәслихат хатшысы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын аппарат басшысы басқарады.

17. Аппарат басшысы аппараттың жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды, аппаратқа жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларының жүзеге асырылуына дербес жауап береді.

18. Бұл мақсаттарда аппарат басшысы заңнамада белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде:

1) аппарат бойынша бұйрықтар шығарады, сондай-ақ, аппараттың қызметкерлері орындауға міндетті нұсқаулар береді;

2) аппарат құзыреті шегінде қызметтік құжаттамаға қол қояды;

3) аппарат жұмысының ішкі тәртібін белгілейді, оның орындалуына бақылау жасайды;

4) Мәслихаттың және оның аппаратының қызметін шаруашылық қамтамасыз ету мәселелері бойынша келісім-шарттар (контрактілер) жасайды және сенімхаттар береді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді жүзеге асырады.

19. Аппараттың жұмыс режимі:

1) аппарат аптада 5 (бес) күн жұмыс істейді;

2) апараттың жұмысы жерігілікті уақыт бойынша сағат 09-00 де басталып, сағат 19-00 де аяқталады. Сағат 13-00 ден сағат 15-00 ге дейін үзіліс;

3) Сенбі және жексенбі күндері сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері аппарат жұмыс істемейді.

**5. Аппаратты қайта ұйымдастыру және тарату**

19. Аппаратты қайта ұйымдастыру және таратуҚазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Заңды тұлғаның әкімшілігі мен оның еңбек ұжымының арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес реттеледі.

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА ЖАҢА АҚПАРАТТЫ-АНЫҚТАМАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық басқармалары мен жеке тұлғалардың сұраулары бойынша соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтамалардың берілу тәртібі ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 26 қарашадағы №1486 Қаулысымен бекітілген “Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру” мемлекеттік қызмет көрсету стандарты талаптарына сәйкес жүзеге асырылған. Алайда Үкіметтің биылғы жылғы №505 Қаулысымен ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша адамның қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы ақпарат беру” мемлекеттік қызмет стандарты бекітіліп, бұрынғы стандарттың күші жойылды.

Бұл мемлекеттік қызметті ҚР БП-ның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармалары көрсетеді. Анықтаманы ҚР Байланыс және ақпарат агенттігінің “Халыққа қызмет көрсету орталығы” шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны арқылы және www.e.gov.kz “электрондық үкімет” веб-порталы арқылы алуға болады. Есепке алу мәліметтерін беру туралы сұрау салуды қараудың нәтижесімен берілу мерзімі – құжаттар топтамасын Халыққа қызмет көрсету орталығына тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 10 минут, қосымша тексеру жүргізілген жағдайда – 3 жұмыс күн, шетелге шыққан жағдайда – 5 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық. Шетелге шығу үшін көрсетілетін қызметті алғанда берілетін ақпарат қағаз түрінде ресімделеді. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында “жеке кабинетке” жіберіледі. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Халыққа қызмет көрсету орталығы – ҚР-ның еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен сенбі аралығында сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін үзіліссіз жұмыс жүргізеді. Аталған анықтаманы (қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы ақпарат) алу үшін жеке тұлға тарапынан келесі құжаттар қажет етіледі:

– ХҚО-ға еркін нысандағы өтініш, жеке куәлік (сәйкестендіру үшін);

– он алты жасқа толмаған адамдар үшін баланың тууы туралы куәлігінің көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылады);

– мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының мүдделерін үшінші тұлға білдірген кезде – нотариус растаған сенімхат;

Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен жайлары мынадай интернет-ресурстарда орналасқан:

1) көрсетілген қызметті беруші: www.prokuror.kz;

2) ХҚО: www.con.gov.kz;

3) портал: www.e.gov.kz.

Жоғарыдағылар негізінде, 2014 жылдың 17 маусымынан бастап жеке тұлғалардың сұраулары бойынша берілетін анықтамаларда қылмыс жасағандар, қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар, сотталғандар, сонымен қатар, тұлғаларға қатысты ақталмайтын негізде қысқартылған қылмыстық істер және қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған құжаттар туралы мәліметтер соттылықтан өтелу, алыну мерзімдеріне, жауапқа тарту, соттау және жазасын өтеу күндеріне қарамастан көрсетіле отырып жүзеге асырылатындығы хабарланады.

**Б.АЮПОВ,**
**ҚР Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қызылорда облысы бойынша басқармасының бөлім аға прокуроры.**

### БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

## ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Алдыма келген науқас кісімен бірге мен де қиналамын. Адамның басты байлығы – денсаулығының ақауы қоғам үшін де тиімсіз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында салауатты өмір салтына тегіннен-тегін алаңдаушылық білдіріп отырған жоқ. Өйткені оны қалыптастырудың маңызы орасан зор. Мына бір деректерге назар аударып көрейікші. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) деректері бойынша адам денсаулығы өмір сүру салтына – 53%-ға тәуелді болса, қоршаған ортаға – 20%, генетикаға – 18%, ал денсаулық сақтау ұйымдарына 10% тәуелді болады екен.

Салауатты өмір – сәндік сөз емес, ол денсаулықты күту, ол – мәнді ғұмыр кешу, ол қоршаған ортаға қамқорлықпен, үлкен сүйіспеншілікпен қарау, ол – тәнді тоздыратын темекі мен арды аздыратын арақтан, нашақорлықтан аулақ болу. Елдің санитарлық сауаттылығын көрсететін денсаулықтың алғы шарттарының бірі дұрыс тамақтану болып табылады. Кейде бір тойғанды шала байығанға балап, «аурудың астан» екенін ескере бермейміз. Халық арасында қаптап кеткен жүрек-қан тамыр аурулары, атеросклероз, инфаркт, инсульт, гипертония, онкологиялық ауруды семіздік пен қант диабеті, психикалық депрессия, остеопороз бен артроздар осы дұрыс тамақтанбаудың салдарынан туындап отыр.

Мәселен, дүниеге келген нәрестелердің 19-20%-ы шала туады және тең жартысы бір жасқа дейін мешелге шалдығады. Бұл – ана организміндегі ас құрамында «Д» витаминінің және ритофлабиннің пренатальды жетіспеушілігінен болады. Қарап отырсаңыз, қуанарлық жағдай емес. Сол себепті сіздерге әр тағамның пайдалы жағын бөліп саралап жазып отырмын. Ал организмде мыс жетіспесе, адам шашы мезгілінен бұрын ағарып кетеді. Егер сіз шоколодқа не одан да тәтті тағамға мөлшерден тыс қызығатын болсаңыз – бұл сіздің организміңізде хромның не ванадийдің жетіспеушілігінен деген сөз. Қалайы жетіспеушілігі шаштың түсуі мен кереңдікке алып келеді. Бор жетіспеушілігі әйелдерде етеккір келетін үзілістер кезінде қатты қиналатын болады, ал еркектер тестостерон жетпеушілігінен азап шегеді. Себебі, бар әйелдерде эстроген, ал еркектерде – тестостеронды бөліп шығарады. Мырыш жетіспесе – дәм сезе алмайсыз. Міне, бұл белгілі дәрумендердің жетіспеушілігінен орын алатын жағдай.

Демек, кальцийдің жетіспеушілігінен 147 ауру туындайды. Соның бірі – остеолороз. Остеолороз өлімге алып келетін себептердің ішінде 10-шы орында тұр. Ауру қауіпті, ал оны емдеу өте қымбатқа түседі. Сіңірдің тартылуы организмде осы кальцийдің тапшылығынан болады. Артрит, люмбаго, ревматизм осы буындардағы остеолороз салдарынан туындайды. Ал бел ауруы омыртқа остеолорозынан болады. Осылардың негізінде португалдық диетолог Э.Пенрештің тек тамақтану ғана біздерді әлсіз не күшті, кіші не үлкен, ақылды не ақымақ, апатиялы не жігерлі етеді деген екен. Бауыр мен бүйректегі тастың пайда болуы да осы кальцийдің жетіспеушілігінен болады.

Қалыпты өмір сүру үшін және денсаулығымызды күту үшін қажет болатын заттар: 1) 60 минералдар;

2) 12 аминқышқылдар мен протеині бар белоктар;

3) 16 витаминдер түрі жиынтығы – күнделікті диетаға қажетті 91 қоспа керек. Олай болмаған жағдайда аурулар пайда болып өрши түседі. Қорыта айтқанда, жоғарыдағы аталған тағамда табиғи қажетті витаминдер, макро-микро элементтері бар минералдар болу керек. Дұрыс тамақтану дегеніміз осы. Кальцийдің жетіспеуінен қан қысымы көтеріледі, остеопороз, бауыр, бүйрек тастары, аллергия пайда болады. Қанның ұюына еттердің жұмыс істеуіне, инсулин түзілуге де осы кальций керек. Біздің клеткамыз әлсіз сілтілі орта да жақсы жұмыс істейді. Ал кальцийсіз сілтілі ортаны ұстап тұру мүмкін емес. Егер әйелде кальций аз болса, ол фибромиомаға шалдығады, климакстің өтуі өте қиын болады.

Ендігі бұл олқылықтардың орнын немен толтыруға болады. Англияның тамақтану саласының маманы Джон Карпер көкөністер мен жемістерді күніне кем дегенде 5 рет жеп тұру керектігін айтады.

Сондай-ақ сүзбе, ірімшік, сүт, холодец және биологиялық (табиғи) активті қоспаларды кеңінен пайдалану керек. Сонда ғана аурудан, көптеген кеселдерден құлантаза айығып кетуге болады.

Шағын мақалада бәрін жеткізіп айту мүмкін емес. Салауатты өмір салты өзін-өзі ас ішуді шектей білуден бастау алады. Бәрінен де бұрын бұл әр адамның өз пайдасы.

**Қойлыбай БЕКПЕЙІС,**
**Шиелі ауруханасының дәрігері.**

**«Абылай хан» атындағы колледжі мекемесі (Қызылорда қаласы) төмендегідей бос қызметтік орындарына конкурс жариялайды:**

| № | Сала, қызмет,мамандық атауы | Бос қызметтік орын саны |
|---|---|---|
| 1. | Математика | 1 |
| 2. | Физика | 2 |
| 3. | Дене тәрбиесі | 2 |
| 4. | Педагогика-психология | 3 |
| 5. | Шетел тілі (ағылшын тілі) | 2 |
| 6. | Орыс тілі мен әдебиеті | 1 |
| 7. | «Төтенше жағдайларда қорғану» | 1 |
| 8. | Химия-биология | 1 |
| 9. | Медбике | 1 |

**Конкурсқа қатысушылар білуге міндетті:**

ҚР Конституциясын, ҚР «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Тіл туралы» заңдарын және басқа да білім беру саласының нормативтік-құқықтық актілерін;білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін, оқу жоспарларын дайындау тәртібін, оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін; кәсіби білім беру педагогикасын, психологиясын және кәсіптік білім беру әдістемесін; студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі нысандары мен әдістерін; техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

Жоғары білімі, жоғары немесе бірінші санатының болуы, ғылыми-педагогикалық еңбектегі өтілі 5 жылдан кем болмауы.

Жалақылары келісім бойынша еңбек шарты негізінде анықталады.

Конкурсқа қатысу үшін төмендегідей құжаттар тапсыру қажет:

1. Директор атына өтініш;
2. Кадр есебі жөніндегі жеке іс-парағы;
3. ¾ сурет - 4 дана;
4. Өмірбаян;
5. Түйіндеме;
6. Соттылығының бар не жоқ екендігі туралы анықтама;
7. Соңғы жұмыс орнынан мінездеме;
8. Жоғары білімі дипломдарының нот.көшірмесі;
9. Ғылыми еңбектерінің тізімі.

**Конкурсқа өтініш беру мерзімі:** 25.08.2014 ж. дейін

**Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Е.Демесинов көшесі, 38 («Еуразия» мәдени спорт кешенінің жанында)**

**Байланыс құралдары: 8 (7242) 23-02-51**

**E-mail: ablay_han@inbox.ru**



**бұрын 106 кг**

Доктор Р.Хайруллинамен кездескенге дейін менің салмағым 106 келі (айтуға қорқынышты) болды. Өмір қаптаған қайғыдан тұрды: гипертония, шаршап-шалдығу, тыныс алу қиындығы, жүрегім ауырды, мұның бәрі ашыққан адам кейпінде жүріп жатты.

Қазір бір жарым жыл өткеннен кейін біраз салмақ тастап, мен өткен өмірімді қорқынышты түстей көремін.

Мен докторға шын жүректен алғысымды айтамын, ол маған шын мәнінде жаңа өмір сыйлады.

**Қызылорда қаласында 2014 жылдың 2 тамызда, сағат 16.00-де болады.**



**қазір 68 кг.**

**Тел.: 22-38-22, 8-705-411-64-98, 8-775-803-75-57.**

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Абдраманова Меруерт Абусейтовнаға 17.06.1993 жылы Жаңақорған ауданы, Бесарық ауылындағы №54 Ж.Қыдыров атындағы мектепті бітіргені жөнінде берілген А №067505 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Сырдария ауданы, А.Тоқмағанбетов ауылы, «Елтай» каналы бойында орналасқан «Болат» шаруа қожалығына берілген 03.02.2010 жылы берілген №0112973 жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі, 20.02.2009 жылғы №4 сатып алу-сату келісім-шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Серікболов Нұртас Серікболұлының атына (бұрынғы мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Маханбетов ауылы-2, 1-көше, №75 учаскесі) бойынша берілген (кадастрлық номері: 10-156-066-2457). Қазіргі уақытта мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Ақсуат а/о, Махамбет ауылы-2, 1-көшесі, №75 үй болып өзгергені туралы 14.05.2012 жылы берілген №1754 анықтама жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Есқазиева Бибіхан Аманкелдіқызына 1990 жылы Жалағаш ауданы, Жаңаталап ауылындағы №119 Жаңаталап орта мектебін бітіргені жөнінде берілген А №195451 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Қызылорда облысының ішкі істер басқармасына қарасты «Қылмыстық-атқару жүйесі бөлімі» мемлекеттік мекемесін Қызылорда облыстық әділет басқармасы, алғашқы рет 1997 жылы 03 қараша күні тіркеген, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы №2074-1933-ММ куәлігі, жарғысы (ережесі) және елтаңба бейнеленген мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

## «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының тұтынушыларының назарына!

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы 2014 жылдың 18 шілдесінен бастап газға арналған босату бағаның өзгергені туралы Қызылорда облысы тұтынушыларының назарына салады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 маусымдағы №641 қаулысымен 2014 жылдың 1 шілдесінен бастап тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті құнының бекітілуіне байланысты, 1000 $м^3$ үшін газды босату бағасы келесілерді құрайды:

Тарату құбыр жолдары арқылы газ алатын тұтынушылар үшін (тарату құбыр жолдары арқылы табиғи газды тасымалдау қызметіне арналған тариф және ҚҚС есебімен) – 12 995,34 теңге;

**Басқа тұтынушылар үшін (ҚҚС қоспағанда):**

Тарату құбыр жолдары арқылы газды тасымалдауға арналған тарифті қоспағанда:

- магистральдық құбыр жолдары арқылы газ алатын тұтынушыларға, 1000 $м^3$ үшін 8 026,83 теңге;
- тарату құбыр жолдары арқылы газ алатын тұтынушыларға, 1000 $м^3$ үшін 8 026,83 теңге.

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін бекіту туралы» Жарлығына және 1998 жылғы №267 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңына сәйкес Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясында 60-54-70 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

**Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы.**

**Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті басшы құрамының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау**

**КЕСТЕСІ**

| № | ЛАУАЗЫМЫ | ШЕНІ, АТЫ-ЖӨНІ, ТЕГІ | ҚАБЫЛДАУ КҮНДЕРІ |
|---|---|---|---|
| 1 | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСТЫҒЫ | ӘДІЛЕТ ПОЛКОВНИГІ ОТАРБАЕВ ҒАНИБЕК СЫРМАҒАНБЕТҰЛЫ | СЕЙСЕНБІ САҒАТ 16:00-18:00 |
| 2 | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ ДЕПАРТАМЕНТІ БАСТЫҒЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ | ӘДІЛЕТ ПОЛКОВНИГІ АҒАНИН ҚАРАМАН ЖӘМИҰЛЫ | ДҮЙСЕНБІ, СӘРСЕНБІ САҒАТ 16:00-18:00 |
| 3 | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ ДЕПАРТАМЕНТІ БАСТЫҒЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ | ӘДІЛЕТ ПОЛКОВНИГІ БАЗАРБАЕВ БАҚЫТЖАН БЕЙІЛЖАНҰЛЫ | БЕЙСЕНБІ, ЖҰМА САҒАТ 16:00-18:00 |

## ХАБАРЛАМА

**Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне орта басшы құрамының төмендегі лауазымдарына конкурстық негізде қызметке қабылдайтындығын хабарлаймыз.**

Медицина бөлімінің бастығы-1 бірлік, дәрігер-терапевт-1 бірлік, дәрігер-хирург-1 бірлік, дәрігер-стоматолог-1бірлік, дәрігер-фтизиатр-1 бірлік, дәрігер-рентгенолог-1бірлік, фельдшер-1бірлік, арнайы есеп бөлімінің есеп-технигі-1бірлік.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары:**

Қазақстан Республикасының азаматтығы, жасы 35-ке дейін, жоғары медициналық, заңгер білімі және әскери жарамдылығы. Конкурс жайлы толық ақпаратты төмендегі мекен-жай бойынша аласыздар: **Қызылорда қаласы, Жеңіс көшесі, №31 үй, тел.23-33-28.**

**2014 жылдың III тоқсанына арналған Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы төрағасының және комиссия мүшелерінің жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау**

**КЕСТЕСІ**

| Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың аты, жөні | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың лауазымы | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|
| Мұбараков Қамбарбек Амангелдіұлы | Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы | Сәрсенбі Сағат 16.00-18.00 | Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі н/з, Облыстық мекемелер үйі Каб №136 а | 60-54-61 |
| Сатлабаев Мирамбек Ахметұлы | Комиссия мүшесі | Дүйсенбі 16.00-18.00 | Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі н/з, Облыстық мекемелер үйі Каб №136 б | 60-54-62 |
| Ильясов Талғат Ибрагімұлы | Комиссия мүшесі | Сейсенбі Сағат 16.00-18.00 | Сұлтан Бейбарыс көшесі н/з, Облыстық мекемелер үйі Каб №132 | 60-54-64 |
| Садуақасова Айгуль Аманхановна | Комиссия мүшесі | Бейсенбі Сағат 16.00-18.00 | Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі н/з, Облыстық мекемелер үйі Каб №134 | 60-54-65 |
| Мұсабеков Роман Темирбекович | Комиссия мүшесі | Жұма Сағат 16.00-18.00 | Сұлтан Бейбарыс көшесі н/з, Облыстық мекемелер үйі Каб №133 | 60-54-63 |

*«Сыр бойы», «Кызылординские вести» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады.*

**E-mail: smjarnama@mail.ru**

Қызылорда облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясы Ауанов Мырзахмет Қожахметұлына әкесі, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері

**Ауанов Қожахметтің**

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

# ЭЛЕКТРОНДЫ ҚАЗАҚ ҮЙДІҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ БОЛДЫ

**Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйінде электронды қазақ үйдің таныстырылымы болып өтті. Қазақтың мәдени-рухани құндылықтарын насихаттап, келешек ұрпақты бабалар сөзімен сусындату мақсатында жасалынған киіз үйді жобаның жауапты редакторы Жарқын Сәленұлы көпшілікке таныстырды.**




Электронды қазақ үй 4 бөлімге бөлінген. Бірінші бөлімде 150 ертегі қамтылған. Оны актер Айдос Бектемір мен әйгілі диктор Сауық Жақан оқыған. Екінші бөлімге 167 балалар әні енгізілген. Киіз үйден дәулескер күйшілердің күйін де тыңдауға болады. Түрлі аспапта орындалған күйлер үшінші бөлімді қамтыса, төртінші бөлім толығымен дәстүрлі және халық әндері, терме-толғау, бесік жыры мен Абайдың 45 қара сөзіне арналып отыр. Киіз үйге барлығы 1200 шығарма сыйдырылған.

Ұрпақты ұлттық рухқа тәрбиелейтін бұл жобаның тұсаукесер рәсімі Астана қаласында өткен. Жобаның негізгі авторы Ғалымбек Қызырбекұлы.

«Бүгінде әніміздің мәтіні мен әуенін өзгертіп айтып жатқан заманда халықтың қаймағы бұзылмаған әндерін, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің жыр жауһарларын келешек ұрпаққа жеткізу біздің басты мақсатымыз. Балалықтан даналыққа дейін жететін бұл заманауи киіз үй нағыз тәрбие құралы. Сондықтан болашақта ондағы шығармалардың мазмұнын жетілдіретін боламыз», – деді Ж.Сәленұлы.



Құрылғының тағы бір ерекшелігі одан радио тыңдап, әртүрлі флеш карталармен әуендерді де тыңдауға болады. 3 жылға жуық уақыт жұмсалған жобаның жүзеге асуына Дүниежүзі Қазақтарының қауымдастығы мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты өз үлестерін қосқан. Қазіргі күні Ресей, Түркия, Германия секілді елдердегі қандастарымызға таныстырылып, олардың ерекше ықыласына бөленген бұл киіз үй алдағы уақытта да қазақтар тұратын өзге елдерге таныстырылатын болады. Айта кету керек, қазақ үй таза ыдыс жасайтын керамикалық өнімнен жасалғандықтан оның ешқандай зияны жоқ көрінеді.

Жалпы бабаларымыздан бізге жеткен бай мұраларымызды бойына сыйдырған дәстүрлі үлгідегі электронды қазақ үй заман мен талғамға сай жасалынған. Сондықтан ол әр үйдің төрінде тамылжыта ән салып, күмбірлете күй төгіп тұрса, ұлттық рухымыз асқақтай түсетіні анық.

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**

АНА ТІЛІМ – АРЫМ

# ТІЛГЕ ТІРЕК БОЛАЙЫҚ

«Тілім менің – тірлігімнің айғағы» деп жазушы Ә.Тәжібаев жырлағандай, Тәуелсіздігіміздің басты белгісі – ана тіліміз бен ұлттық мәдениетіміз ең асыл қазына, өшпес мұра екенін есімізден шығармайық. Тәуелсіздігіміздің туы мәңгілік желбіреуіне, ана тілінің маңызы айрықша зор екенін ескере отырып, ана тілінің тереңдей дамуына бар күш-жігерімізді салып, өскелең ұрпақ, жас буынға дұрыс бағыт, оң тәрбие беруді ұстаздар қауымы мақсат тұтады.

Тіліміздің осынау қадір-қасиеті, сан қырлы байлығы, тұңғиық тереңдігі бүгінгі таңда сіз бен біздің ардақты кәсібіміздің мән-мағынасын одан әрі ұлықтауға тамаша күш берері сөзсіз. Халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы және сауаттылығы оның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс аумағы кеңдігімен, оралымдылығы мен ұтымды айта білуімен өлшенеді.

Ерте заманда ел бастаған көсем де, дауды шешкен би де осы құдіретті тілге сүйенген, осы тілге жүгінген. «Тіл өнері дертпен тең» деп тілдің қадір-қасиетін жете түсінген бабаларымыз дау-дамайда бір-ақ сөзге тоқтап, ұлттық асыл мұра – ана тілін құрметтей білген. Қазақ тілінде дүниеге келген туындылардың өзі ұлттық ділден айырылмайды. Жеріміз қаншама ұлан-байтақ болса, аспанымен таласқан таулары қандай биік болса, сылдырлай аққан өзендері қандай мөлдір болса, қазақ адамдарының пейілі қандай кең болса, қазақ тілі де сондай көркем, шаңырағы биік, тынысы кең екендігін көрсетеді.

Тіл саулығы – ел саулығы. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру барша қазақ халқының үлесі, басы балабақша-мектептен бастап, мемлекеттік мекемелерге дейін әр қазақ баласы бойына ананың ақ сүтімен тараған ана тілін қастерлей білуі ләзім. Тіл – ұлттық рух негізі, мемлекеттік басты мәселе. Ұлттық рух негізі – ұлт тілін ұлықтау. Оны төрге шығару баршамыздың борышымыз.

**Күлпаш ШАРИПОВА,**
**№15 мектеп-лицейінің мұғалімі.**
Қызылорда қаласы.


# Қызылордада алғаш рет! Аждар (Исмаил)

(Сертификат №057–К10.07.2012 жылы ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Қазақстан халықтары емшілері қауымдастығы» берген)



*Аждар – бұрынғы Кеңестер Одағына танымал биоэнерготерапевт.*

*ТМД елдері халық емшілері конгресінің лауреаты. Оның емдеу нәтижелері тылсым күш иелері мен атақты ғалымдарды таңқалдырып жүр. Ол дыбысты толқын деңгейінде, электромагниттік тербелісте жұмыс істейді.*

*Аждар сіздің созылмалы аурудан арылуыңызға көмектеседі.*

*Аждардың кереметтігі сол, ол дуалап, алдап-арбап қаратуды, көз тиюді, қарғысты және көптеген ауруладың бетін қайтарады. Сонымен қатар ол өзінің қасиетін қолымен әрі биоэнергиясымен төмендегідей ауруларды емдейді:*

- *бас ауруы;*
- *қан қысымының көтерілуі;*
- *тыныс алу жүйелерінің проблемалары;*
- *асқазан-ішек жүйелерінің проблемалары;*
- *бүйрек ауруын, кіші дәрет шығатын жолды;*
- *бауыр, өт жолы;*
- *қалқанша без;*
- *әйелдер ауруларын;*
- *қол мен аяқ буындарын;*
- *бел ауруын;*
- *бала көтермеуді;*
- *көру және көптеген ауруларды;*
- *жүрек-қан тамырлары ауруларын*

**карта ашады – 2000 тг.**

## ТМД-дағы балгерлер мен емшілер арасындағы аты шыққан үш емшінің бірі.

### Ирина

Мен өзім зейнеткермін. Жасым 69-да. Исмаилға газет бетіндегі хабарландыруды оқып келдім. Денсаулығым сыр беріп көптен мазалап жүрген. Басымның қатты ауырғаны, қан қысымы, жүрек ауруларына қарсы біраз дәрі-дәрмек қабылдадым, еш пайдасы болмады.

Исмаилға келген күннен бастап шипасын бере бастады. Дәрі-дәрмек қабылдауды мүлдем қойдым. Қан қысымым қалпына келіп ұйқым тыныштталды.

Исмаилға үлкен алғысымды білдіремін. Ұзақ өмір, мықты денсаулық тілеймін! Қиналған жандарға көмек беруден шаршамасын. Содан соң Сашаның көмегіне алғыс айтамын. Ауырып келген біздерге қалжың айтып көңілімізді аулап, кезекте көп отырғанымызды да сезбей қалатынбыз. Сашаға мықты денсаулық, жанұясына береке, бірлік тілеймін.

### Тортаева М., Сәтпаев қ.

Исмаил туралы «Подробности» газетіне жарияланған хабарландырудан біліп келдім. Бұған қоса, онда көпшіліктің жақсы пікірлері жарық көрген. Көп жылдар бойы белім мен аяғым, басым ауыратын. Исмаилдан емдік курстарын қабылдаған соң денсаулығым жақсара бастады.

### Какима

2008 жылдан қалқанша безі ауруына байланысты түрлі гормоналдық дәрі-дәрмектерді өмір бойына қабылдауға тиіс болғанмын. Осы жылдың сәуір айында алғаш рет Аждар (Исмаил) келгенін естіп ем қабылдап көруді шештім. 7 сеанс ем қабылдаған соң УДЗ нәтижесі 2 түйіннің жойылғанын, ал үшіншісі кішірейгенін көрсетті. Содан дәрігер дәрі-дәрмек қабылдауды тоқтатты.

Исмаилға үлкен алғысымды білдіре отырып, Алла өзіне жар болып, денсаулығы мықты болсын деп тілеймін.

**Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 54, кіреберіс көше беттен**
**Қабылдау күндері: 2014 жылдың 16 маусымы – 31 шілде аралығы сағ. 10.00 – ден 16.00 – ге дейін**

**АЛҒАШҚЫ КЕҢЕС БЕРУ ТЕГІН**



Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 23899
Тапсырыс №640
Электрондық оқылым – 19 000